



«Шахтер»
стадионы
жаңарады
2-бет



Намыстың
наркескені
5-бет



Мүлт кетпеген
мүмкіндік
8-бет



Жаңа дәуірдің жарқын белесі

Сыр елі – Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысы – еліміздің саяси өміріндегі жаңа кезеңнің басы, қатпарлы тарихымыздың жаңа парақтары іспетті. Ұлттық Құрылтайдың алғашқы отырысы 2022 жылы Ұлытауда өтіп, елдің рухани және саяси жаңғыруының іргетасын қалады. Ал, Түркістан, Атырау, Бұрабайда өткен Құрылтайлар әр аймақтың үні мен ұсынысын тыңдап, қоғамның дамуына жаңа дем берді. Биылғы Құрылтай осы сара жолдың ең маңызды тұсындай. Өйткені, еліміз ауқымды саяси түлеудің алдында тұр. Мұнда қабылданған шешімдер мен айтылған ұсыныстар Қазақстанның жаңа саяси құрылымын қалыптастыруға, ел басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртудағы стратегиялық қадамдарға бастайды. Бұл ұлттың болашағын бірлесіп айқындайтын тарихи сәт.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа кезеңнің бастауы

Құрылтай отырысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ашылды. Алғашқы сөз тізгінін Мемлекет-

тік кеңесші Ерлан Қарин алып, Құрылтай жұмысының барысына, елдегі маңызды мәселелерге тоқталды.

– Құрылтайдың төрт секциясы өз отырыстарын өткізді. Секция жұмысына 70-ке жуық Құрылтай мүшесі қатысып, 200-ден

астам ұсыныс айтылды. Құрылтай жұмысының негізгі бағыты – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, білім беру және балалар құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелерін жүйелі түрде шешу. Ғылым мен білім саласында бірқатар маңызды бастама

қолға алынды. Жақында ғылыми қалашықтар құру және дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Бұл жоба елдің ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, мектептердегі тәрбие бағдарламасы жетілдіріліп, оқушылардың рухани-адамгер-

шілік тәрбиесіне ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарламасы балалардың құқықтарын қорғау бағытындағы барлық шараларды бір жүйеге біріктіріп, олардың жүзеге асуын

күшейтеді, – деді Ерлан Қарин.

Аймақтардың дамуы бойынша да бірқатар ірі бастама іске асқан. Елде Өңірлік даму тұжырымдамасы қабылданып, оның басты міндеті – халықты негізгі инфрақұрылымдармен тең дәрежеде қамтамасыз ету. Тұжырымдама аясында өңірлердегі негізгі мәдени-туристік іс-шаралардың тізбесі жасалып, оларды жүйелі түрде өткізу жоспары пысықталды. Құрылтай мүшелері Бұрабайда айтылған бастамалар мен ұсыныстар негізінде бір жыл ішінде жүйелі жұмыстар атқарылғанын атап өтті. Бұл бағыттағы жұмысты тиімді іске асыру үшін Құрылтай мүшелері секциялар мен жұмыс кездесулерінде талқылаулар жүргізіп, нақты механизмдер мен жол карталарын пысықтады.

Өз кезегінде, Парламент Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабилиянов баяндама жасап, экономиканың негізгі мәселелеріне тоқталды. Оның пікірінше, елдегі экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту маңызды. Қазіргі таңда банктер кәсіпкерлік несиесін де 25 пайыздық мөлшерлеме қолданатынын атап өткен депутат оның бизнес үшін қолайсыздығын, кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретінін айтты.

► 3-бет

Туризмнің тың тынысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында туризмді экономиканың драйвері әрі инвестиция тартудың тиімді бағыты ретінде бірнеше мәрте атап өткен болатын. Осы тапсырма аясында облысымызда экологиялық туризмді дамыту соңғы жылдары қарқын алып, нақты экономикалық бағытқа айнала бастады. Табиғат аясындағы демалыс түрлеріне сұраныс артқан сайын, өңірде заманауи туристік инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстары да жүйелі түрде жанданып келеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі туристік әлеуеті ең жоғары аумақтың бірі – Қарқаралы ауданы. Арканың алтын тәжі саналатын бұл өлкеде облыстағы орман қорының 90 пайыздан астамы шоғырланған. Сол себепті де, Қарқаралы бүгінде өңірдің табиғи визит карточкасына айналып отыр. Қазіргі таңда ауданда шамамен 40 демалыс аймағы тұрақты түрде жұмыс істейді. Туризм саласында 300-ден астам адам еңбек етеді. Былтырғы жазғы маусымда ғана Қарқаралыға 20 мыңға жуық турист келген. Бұл көрсеткіш ішкі туризмнің қарқыны артып келе жатқанын айқын аңғартса керек.


Жол бар жерде – қозғалыс бар екені анық. Ішкі туризмнің дамуында инфрақұрылым шешуші рөл атқарады. Осы орайда «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолының жөндеуі де өңірге келетін туристер санын арттыруға соны

серпін беріп отыр.

Өңір туризмін жаңа деңгейге көтеретін ірі жобалардың бірі – Бұғылы тауының баурайындағы рекреациялық аймақ. Болашақ курорттың аумағы 75 гектарды құрайды және ұлттық табиғи паркпен шектесіп жатыр. Жоба бірнеше функционалдық аймақты қамтиды: демалыс аумағы, этноауыл, ойын-сауық паркі, демалыс үйлері мен тау шаңғысы кешені.

Инвесторлар үшін инженерлік инфрақұрылым алдын ала дайындалуда. Шамамен 16 шақырым электр желісі тартылып, су құбыры мен көріз жүйесі жүргізілген. Кіреберіс жолды жөндеу де жаңа жоспарға енгізілген. Жер телімдері конкурс арқылы берілімек.

Қарқаралы өңірінде экотуризммен қатар, этнотуризмге де басымдық беріліп отыр.



Коллажты жасаған Арайлым Коктева

► 7-бет

• РЕСМИ

Өсім мен әлеует кепілі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мал шаруашылығы саласын жүйелі түрде жаңғыртуда әрі оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған 2026-2030 жылдарға арналған кешенді даму жоспарының жобасын мақұлдады.

«Кешенді жоспарды жүзеге асыру ірі қара мал санын 7,9 млн-нан 12 млн басқа және ұсақ мал санын 20,2 млн-нан 28 млн басқа дейін ұлғайтуды көздейді. Сондай-ақ, ет өндірісінің 1,2 млн-нан 1,8 млн тоннаға дейін өсуі және оның экспортының 82 мыңнан 165 мың тоннаға дейін екі есе ұлғаюы күтіліп отыр», – деп жазылған хабарламада.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері бойынша асыл тұқымды мал басын сатып алуға жылдық 6% мөлшерлемен жетілдікті кредиттеу бағдарламасын іске қосу жоспарлануда. Аталған бағытты қаржыландыруға жыл сайынғы қажеттілік шамамен 300 млрд теңгені құрайды.

Бұдан бөлек, мал азығын дайындауға арналған техника мен жабдықтарды сатып алу үшін жылдық 5% мөлшерлемен 50 млрд теңге көлемінде жеңілдікті қаржыландыру қарастырылған.

Өз тілшімізден

«Шахтер» стадионы жаңарады

Қарағандыдағы басты спорт нысандарының бірі – «Шахтер» стадионы ауқымды жаңғыртудан өтіп жатыр. Жаңартылған алаң, заманауи инфрақұрылым, жабық футбол манежі мен UEFA талаптарына сай келетін трибуналар – мұның бәрі өңір спортының жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашады. Жоба биылғы жылы толық аяқталып, Қарағандыны халықаралық жарыстар өтетін қалаға айналдыруға тиіс.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

– 2026 жыл спорт инфрақұрылымын белсенді жаңғырту кезеңі болады. Негізгі басымдық – басталған жобаларды аяқтап, жаңа шешімдерді енгізу. Жөндеу, жабықтау және құрылыс жұмыстары жоғары сапа стандарттарын қамтамасыз етіп, спортшылар мен көрермендерге қолайлы жағдай жасайды. Бұл әртүрлі деңгейдегі жарыстарды өткізуге және өңірдегі спорт саласын дамытуға серпін береді, – деді «Шахтер» КМКК директоры Нұрлан Рыстин.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев спорт инфрақұрылымын жаңғырту өңір үшін басым бағыт екенін атап өтті.

– «Шахтер» стадионы – қаланың ең көне спорт нысандарының бірі. Мұнда

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласында «Шахтер» стадионын кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа облыс орталығын дамыту мәселелеріне арналған кеңесте таныстырылды.

Өткен жылы стадиондағы негізгі футбол алаңының іргетасы толық жаңартылып, сұйықтықпен жылыту жүйесі орнатылды. Сондай-ақ, жеке жылу пунктіне дейін жылу трассасы тартылды. Бұл шешімдер алаңды қыс мезгілінде де сапалы күйде ұстауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ауыр атлетика залына күрделі жөндеу жүргізілді. Шатыр, су және жылу жүйелері жаңартылып, жаттығу құралдарының бір бөлігі ауыстырылды. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді орта қамтамасыз етіліп, инклюзивті инфрақұрылым талаптары ескерілді.

Алдағы айларда жұмыстар жаңа кезеңге өтпек. Ақпанда алаңды жылыту жүйесін сынақтан өткізу жоспарланған, ал, мамырда жасанды жабынды төсеу көзделіп отыр. Бұған қоса прожекторлық жарықтандыру орнату, жеңіл атлетика секторына тартан жабынын төсеу, дауыс зорайтқыштар жүйесін жаңарту және трибуналар үстіне қалқа қою жұмыстары басталады.

Жобаның маңызды бөлігінің бірі – Freedom Finance компаниясымен бірлесіп салынып жатқан жабық футбол манежі. Мұнда киім ауыстыратын бөлмелер, медициналық пункт және қосалқы үй-жайлар қарастырылған. Манеж қыс мезгілінде де жаттығу өткізуге, балалар



турнирлерін ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, жас спортшыларды ерте жастан даярлауға жол ашады.

Сонымен бірге, «Локомотив» стадионының футбол алаңын күрделі жөндеуден өткізу және «Шахтер» стадионының трибуналар астындағы үй-жайларын қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар нысанды UEFA-ның 4-санат талаптарына толық сәйкестендіруге бағытталған. «Шахтер» стадионының негізгі алаңын қайта жаңарту жұмыстары биыл аяқталуы тиіс.

жаттығу өткізуге, жарыстар ұйымдастыруға және көрермендер үшін барынша қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Бұл бүкіл облыс бойынша спорттың дамуына ықпал етеді, – деді аймақ басшысы.

Бұдан бөлек, биыл «Күнгей» шағынауданында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілмек. Бұл Қарағанды тұрғындарының спортпен жүйелі түрде айналысуына қосымша мүмкіндік береді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Цифрландыру мен қауіпсіздік тоғысында

Қарағанды облысына жұмыс сапарымен ҚР Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерболат Садырбаев келіп, өңірдегі көмір өндіру кәсіпорындарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған жұмыстармен танысты. Жүздеген метр тереңдіктегі өндіріс ошақтарында заманауи технологиялар мен цифрлық жүйелердің енгізілуі – бүгінде көмір өндірісіндегі ең басты басымдыққа айналып отыр.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Сапар барысында вице-министр Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті мен Қарағанды облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдерімен бірге «Karaganda Komir» ЖШС құрамындағы бірқатар ірі көмір өндіру нысандарын аралады. Делегация «Саран», Күзембаев атындағы, Ленин және «Қазақстан» шахталарында болып, жер асты өндірісіндегі қауіпсіздік шараларының жай-күйін көзбен көрді.

Негізгі назар өндірістік қауіпсіздік талаптарының сақталуына және апаратын тәуекелдерді азайтуға бағытталған техникалық шешімдерге аударылды. Кәсіпорындарда жеке жұмысшыларды нақты анықтауға мүмкіндік беретін позициялау және іздеу жүйелері, ленталы конвейерлерді өрттен қорғау кешендері, сондай-ақ, өндірістік процестерді үздіксіз бақылауға арналған автоматтандырылған диспетчерлеу жүйелері таныстырылды.

Бұл жүйелер шахта ішіндегі жағдайды онлайн режимде қадағалауға, қауіпті факторларды ерте кезеңде анықтауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, мұндай технологиялар адам факторынан туындайтын қатерлерді айтарлықтай төмендетеді.

Жұмыс сапары барысында делегация мүшелері желдету штректерінің жұмысқа арналған қазба бөліміне 510 метр тереңдікке түсіп, тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету шараларын тәжірибе жүзінде көрді. Жер астындағы желдету жүйесінің тиімділігі, ауа айналымы, газдан қорғау

шаралары мен өндірістік бақылаудың негізгі элементтері таныстырылды.

Мамандар шахтадағы әрбір учаскенің бақылауда болуы, жұмысшылардың қозғалысы мен еңбек жағдайының қауіпсіздігі – өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басты тірегі екенін атап өтті.

Сапар аясында көмір шахталарын кезең-кезеңімен жаңғырту және цифрландыру мәселелері де кеңінен талқыланды. Кәсіпорындардың уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестігі, қауіпсіздік саласындағы ғылыми тәсілдер мен шетелдік тәжірибені енгізу жолдары қарастырылды.

Кәсіпорын басшыларымен өткен кездесулер қорытындысында өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесін одан әрі жетілдіру, заманауи технологияларды кеңінен қолдану және кадрлардың кәсіби даярлығын арттыру басым бағыттар ретінде белгіленді.

Іссапар қорытындысы бойынша тараптар алдағы уақытта да өзара ынтымақтастықты жалғастыруға және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын нығайту бағытында бірлескен жұмыс жүргізуге дайын екендіктерін растады. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе отырып, еңбек жағдайларын жетілдіруге және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерін енгізуге бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру мен қолданбалы зерттеулер жүргізуге ерекше назар аударылды.

Өз тілшімізден

• ӘЛЕУМЕТ

Ешкімнің мүмкіндігі шектелмейді

Облыста мүмкіндігі шектеулі азаматтарды еңбекке тарту әлеуметтік саясаттың формалды бағыты емес, нақты нәтиже беріп отырған жүйелі жұмысқа айналды. Бүгінде өңірде ерекше қажеттілігі бар жандардың шамамен 39 пайызы жұмыспен қамтылған. Бұл – республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары деңгей. Яғни, Қарағандыда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға «жұмыс табу» емес, «өз орнын табу» қағидаты қалыптасып келеді.

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған деректер өңір әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен кеңесте жария етіліп, әлеуметтік инклюзия мәселесі күн тәртібіндегі негізгі тақырыптардың бірі ретінде қаралды. Кеңесте мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту бағытындағы қол жеткізілген нәтижелер, туындап отырған мәселелер мен алдағы міндеттер жан-жақты талқыланды.

Өңірде мүмкіндігі шектеулі жандар бүгінде тек кәсіпорындар мен қызмет көрсету саласында еңбек етіп қана қоймай, мемлекеттік қолдаудың арқасында жеке кәсіпін де жолға қоюда. 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлығы 1375 адам жұмысқа орналастырылған. Олардың шамамен 400-і тұрақты жұмыс орындарына қабылданған. Атап айтқанда, бухгалтер, инженер, автоматтандырылған желілер операторы, аспаз және қосалқы жұмыс-

шы сынды мамандықтар бойынша еңбек етуде. Бұл – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тек қарапайым қызметтерде емес, техникалық әрі жауапты салаларда да сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Тағы 582 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына – қоғамдық жұмыстар, «Жүміс жас» және «Алтын жас» жобалары, сондай-ақ, «Жастар практикасы» мен «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламалары аясында жұмысқа тартылған. Бұл туралы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар мәлімдеді.

Сонымен қатар, жұмыс берушілер мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы жұмыс орындарын құруға да белсенді қатысуда. Өткен жылы қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған 15 арнайы жұмыс орны ашылды. Соның нәтижесінде есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтар жұмыспен қамтылды.



Информация облас әкімдігінің сайтынан

Бұл тек жұмыс ұсыну емес, еңбек ортасын бейімдеу арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардың толыққанды жұмыс істеуіне жағдай жасау деген сөз. Мұндай қадамдар әлеуметтік жауапкершіліктің жаңа мәдениетін қалыптастырып келеді.

Өңірде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды кәсіби даярлау жүйесі де кезең-кезеңімен дамып келеді. Олар тігінші мен электрик мамандықтарынан бастап, дәнекерлеуші және автослесарьға дейінгі жұмысшы кәсіптерін меңгеруде.

Тұрғындар Skills Enbek платформасы арқылы онлайн форматта оқудан өтіп, жаңа дағдыларды игеруде. JumysTar жобасы аясында Қарағанды мен Теміртауда кеңес беру пункттері ашылып, онда артық бюрократиялық рәсімдерсіз оқыту мен жұмысқа орналасуға қолдау көрсетіледі.

Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін де қысқармерзімді курстар ұйымдастырылуда. Бұл – тек азаматты емес, тұтас облыс әлеуметтік қолдаудың тиімді үлгісі.

Қолдаудың сұранысқа ие тетіктерінің бірі – кәсіп ашуға немесе оны дамытуға арналған гранттар.

– 2025 жылы «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында 255 адам оқудан өтті. Нәтижесінде әрқайсысы 400 айлық есептік көрсеткішке дейінгі 96 грант берілді. Осы қаражаттың есебінен өңірде тігін цехтары, шеберханалар, наубайханалар, тұрмыстық техника мен автокөліктерді жөндеу сервисі, клинингтік компаниялар, сондай-ақ, спорттық және сауықтыру орталықтары ашылды, – деді Төлеу Мұхтар.

Бұл жобалар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тек жұмысшы емес, жұмыс берушіге айналуына да жол ашып отыр.

Ал, 2026 жылы өңірде шамамен екі мың мүмкіндігі шектеулі азаматты жұмыспен қамту жоспарланып

отыр. Бұл көрсеткіш әлеуметтік саясаттағы жаңа деңгейге шығуды көздейді.

Сонымен бірге, Алматы қаласында жүзеге асырылып жатқан бастаманың үлгісі бойынша JOB СОАСН жобасын іске қосу көзделуде. Жоба мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбек нарығында бейімдеуге және тұрақты жұмысқа орналасу кезеңінде сүйемелдеуге бағытталған.

Қалалар мен аудандардағы мансап орталықтарында арнайы мамандар бекітіліп, олар үміткерлерге кәсіби бағдар беру, бос жұмыс орындарын іріктеу, оқыту және жұмыс орнында бейімделу мәселелері бойынша қолдау көрсететін болады.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі жұмыс орындарының санын қайта қарап, ұлғайтуды тапсырды.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі жүйелі әрі нақты тәсілді талап етеді. Белгіленген квоталар мен іске асырылып жатқан жобалар еңбекке қабілетті азаматтардың нақты саны мен оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс. Осыған байланысты қалалар мен аудандардың әкімдеріне көрсеткіштерді қайта қарап, әрбір бағыт бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуді тапсырамын, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа дәуірдің жарқын белесі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сол себепті, ол жеңілдетілген несие жүйесін енгізу қажеттігін, оны даму институттары мен банктердің қаражатын үйлестіру арқылы жүзеге асыруға болатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар, саясаттанушы Марат Шибұтов өз ойын ортаға салды «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының президенті Қарлығаш Жаманқұлова да сөз сөйледі. Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев маңызды мәселелерге тоқталды. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры Лаура Қарабасова Құрылтай жұмысына қатысты ой білдіріп, білім беру жүйесі мен жастар саясатының өзекті жайттарын алға тартты.

Осылайша, қоғамның әр саласынан ұсыныстар жинақталып, талқыланып, жүйелі түрде реформаларды жетілдіруге бағытталғанын көрсетті.

Қазақстанның тірегі

Құрылтай қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтып, елдік мәселелерді ашық талқылайтын тұрақты алаң ретінде қалыптасып келеді.

Сөзін Ұлттық Құрылтайдың бүгінгі рөліне тоқталудан бастаған Қасым-Жомарт Тоқаев бұл институттың ел болашағына қатысты шешімдер пісіп-жетілетін жауапты құрылымға айналғанын айтты.

– Құрылтайда көтерілген әрбір бастама нақты іске ұласуы тиіс. Өйткені халықтың сенімі мен мемлекеттің тұрақтылығы осындай ортақ жауапкершілікке тікелей байланысты. Соңғы жылдары қабылданған заңдар мен реформалар қоғамның саяси мәдениеті өсіп, азаматтық жауапкершіліктің күшейгенін көрсетеді, – деді Президент.

Сыр өңірінің даму қарқыны – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Соңғы жылдары Қызылорда облысында инфрақұрылым жаңарып, энергетикалық қауіпсіздік күшейіп, әлеуметтік нысандар салынған.

Арал теңізінің тағдырына арнайы тоқталған Мемлекет басшысы бұл мәселенің тек бір өңірге ғана емес, бүкіл елге және халықаралық қауымдастыққа ортақ екенін жеткізді.

– Қазақстан су қауіпсіздігі мәселесін жалғыз шеше алмайды. Су ресурстарын әділ әрі ұтымды пайдалану үшін көрші мемлекеттермен өзара сенімге негізделген келісімдер қажет. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік, – деді.

Ел экономикасының өткен жылы тұрақты өсім көрсеткенін де атап өтті. Ішкі жалпы өнімнің артуы, халық санының көбеюі, шағын және орта бизнестің нығаюы – жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесі. Бұл жетістіктердің негізінде еңбек адамының маңдай тері мен қоғамның бірлігі жатқанын айтты.

Сонымен бірге, қоғамдағы құндылықтар жүйесінің жаңарып келе жатқанына назар аударып, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, лудомания мен нашақорлыққа қарсы күрес, еңбек адамының мәртебесін арттыру – Ұлттық Құрылтайда көтеріліп, заңнамалық деңгейде бекітілген маңызды бағыттар екенін мәлімдеді.

Руханият және жауапкершілік

Одан бөлек, Мемлекет басшысы мәдениет пен өнерді мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты ретінде қарастыру қажеттігін айтты.

– Қоғамның санасы жаңғырмайынша, ешбір реформа толық нәтижесін бермейді. Осыған байланысты елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымда мәдени инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қолға алынбақ. Алдағы жылдары бірнеше өңірде жаңа театрлар салынып, жетекші мәдени мекемелер жаңғыртылады. Бұл – рухани кеңістікті нығайтуға бағытталған жүйелі саясаттың көрінісі, – деді Президент.

Музей ісін дамыту мен тарихи мұраны заманауи форматта ұсынудың маңызын да айрықша атап өтті. Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейі осы бағыттағы оң тәжірибе ретінде бағаланды. Мәлімдеуінше, ұлттық тарихты жаңа технологиялар арқылы халыққа, әсіресе, жастарға



түсінікті етіп жеткізу – уақыт талабы.

Жастардың мәдениет пен креативті индустриядағы белсенділігі елдің рухани жаңғыруының айқын белгісі ретінде атап өтіп, қазіргі қазақ өнерін әлем ерекше құбылыс ретінде қабылдай бастағанына да назар аударды. Бұл үрдіс ұлттық бірегейлікті нығайтып қана қоймай, Қазақстанның халықаралық мәдени беделін арттыра түседі.

Елімізде ұлттық мұраны әлемге таныту бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасып келеді. Қазақстанның бірқатар тарихи жәдігерлері мен рухани құндылықтары ЮНЕСКО тізіміне енгізіліп жатыр. Мемлекет басшысы бұл бағытта тоқмейісуге болмайтынын айтып, төл тарихты зерделеу мен мәдениетті дәріптеу ісін күшейтуді тапсырды.

Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Кемелұлы Абай, әл-Фараби, Ясауи ілімдерінің ұлттық сананы қалыптастырудағы орнына тоқталып, ұлы тұлғалардың мұрасын мерейтоймен шектемей, тұрақты түрде ғылыми және қоғамдық айналымға енгізу керектігін айтты.

Рухани мұраны сақтауда цифрландырудың маңызына ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдап, тарихи, ғылыми және мәдени құндылықтарды электронды форматқа көшіру ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты шарты екенін айтты. «Цифрлық өркениет дәуірінде өз тарихын жүйелеп, жаһандық кеңістікке шығарған ел ғана болмысын сақтай алады», – деді ол.

Отаншылдық мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Ел Президенті патриотизмді ұранмен емес, нақты іспен дәлелдеудің маңызын атап өтті. «Таза Қазақстан» акциясы, волонтерлік, адал еңбек пен қоғамдық тәртіпке үлес қосу – жасампаз отаншылдықтың нақты көрінісі.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету мәселесі де осы жауапкершілікпен тікелей байланысты. Президент заң талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік Туды қадірлеу – ел бірлігінің белгісі екенін айтты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қоғамдағы зорлық-зомбылық пен заңсыз әрекеттерге мүлде төзбеушілік қағидатын тағы да нақтылады. Қыз алып қашу секілді қылмыстардың ұлттық дәстүрге еш қатысы жоқ екенін айтып, мұндай әрекеттерге қатаң құқықтық баға берілетінін жеткізді.

«Заң мен тәртіп – бәріне ортақ. Бұл құндылықтар отбасында, мектепте және қоғамда қалыптасуы керек. Мемлекет осы бағыттағы іргелі институттарды күшейту жұмысын жалғастыра бермек», – деді Президент.

Цифрлық дәуір, инфрақұрылым мен әділетті басқару

Өз кезегінде ел Президенті жаһандық өзгерістер жағдайында ел дамуының жаңа өлшемдері қалыптасып жатқанын айтты. Цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірі мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін халық саны емес, адами капиталдың сапасы мен технологиялық бейімделу деңгейі айқындайтын кезеңге алып келді. Осыған байланысты Қазақстан цифрлық трансформацияны стратегиялық басымдық ретінде қарастырып отыр.

Президенттің пікірінше, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу ұранмен немесе на-

уқаншылдықпен шектелмеуі тиіс. Бұл – бүкіл мемлекеттік басқару жүйесіне қойылатын нақты талап. Жаңа технологиялар шешім қабылдау жылдамдығын арттырып, еңбек өнімділігі мен қызмет сапасын жақсартуға қызмет етуі керек. Алайда, басқару мәдениеті реттелмейінше, озық технологияның өзі нәтиже бермейтіні ескертілді. Сондықтан, мемлекеттік секторда ұйымдастырушылық тәртіп пен басқару сапасын түбегейлі жақсарту міндеті қойылды.

Жоғары технологиялы экономика құру үшін сенімді энергетикалық және цифрлық инфрақұрылым қажет. Осы тұрғыда деректерді өңдеу орталықтарын орналастыру, қуат көздері мен инженерлік жүйелерді алдын ала жоспарлау мәселелері көтерілді. Президент инфрақұрылымдық шешімдерде жіберілген жүйесіздікті ашық сынға алып, мұндай олқылықтар экономикалық шығынға алып келетінін айтты.

Энергетика саласына қатысты Мемлекет басшысы нақты міндеттер жүктеді. Қазақстанның электр қуатын өндіру көлемі алдағы жоспарларды толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз екені атап өтілді. Көмір, газ және су ресурстары елдің стратегиялық активтері ретінде тиімді пайдаланылуы тиіс. Әсіре-

мен жүк тасымалы бағытындағы шешімдердің тиімсіздігін сынға алып, бұл салада батыл реформалар қажет екенін жеткізді. Авиация бағасының жоғары болуы бәсекеге қабілеттілікті төмендетіп отырғаны да ашық айтылды.

Экономиканың сапалы өсімін сақтау үшін қаржы және әлеуметтік саладағы тәртіпті күшейту қажеттігіне ерекше назар аударылды. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында қаржыландырудың бұрмалануы, заңсыз шығындар мен жауапсыздық фактілері Мемлекет басшысының қатаң сынына ұшырады. Бұл салаларға бөлінетін қомақты қаражат азаматтардың өмір сапасын арттыруға қызмет етуі тиіс.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың ұсыныстарын ескере отырып, Салық кодексіне түзетулер енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл шара сапалы экономикалық өсімді сақтау үшін маңызды.

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы күрес ұлттық қауіпсіздік деңгейіндегі мәселе ретінде бағаланды. Президент құқық қорғау органдарына экономикалық, әлеуметтік және цифрлық алаяқтыққа қарсы батыл әрекет етуді тапсырды. Қоғамда заң мен тәртіпті бұзатын кез келген



се, көмірді заманауи, экологияға қауіпсіз технологиялармен өңдеу арқылы ұлттық жоба деңгейіне көтеру қажеттігі айтылды. Бұл бағытта Үкіметке нақты мерзімдер белгіленді.

Газ саласындағы баяу ілгерілеу тиімсіз жоспарлаудың салдары ретінде бағаланды. Мемлекет басшысы жаңа кен орындарын игеру, геологиялық барлауды жандандыру және ірі газ өңдеу жобаларын уақытылы іске қосу мәселесін қатаң бақылауға алуды тапсырды. Энергетикалық тұрақтылық – экономикалық қауіпсіздіктің негізгі шарты екені баса айтылды.

Көлік-логистика саласы да ел дамуының өзекті бағыты ретінде қаралды. Қазақстанның транзиттік әлеуеті зор болғанымен, оны толық пайдалану үшін ауқымды инфрақұрылымдық жобалар қажет. Алдағы жылдары ірі автомобиль және темір жол бағыттары жаңғыртылып, жаңа дәліздер іске қосылады. Бұл жобалар Қазақстанның халықаралық логистика картасындағы орнын нығайтуға бағытталған.

Әуе тасымалы саласында да жүйелі кемшіліктер бар екені айтылды. Мемлекет басшысы әуе-

әрекетке мүлдем төзбеушілік қағидаты орнығуы тиіс.

Халықаралық ахуал күрделенген кезеңде Қазақстанның сыртқы экономикалық саясаты прагматизм мен әділдікке негізделуі қажет екені айтылды. Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ықпалдастықта ұлттық мүдде бірінші орында тұруы тиіс. Интеграция әділ жүргізілген жағдайда ғана отандық экономика мен азықтүлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Еліміздегі саяси жаңғырудың басты мақсаты – елдің әлеуетін арттыру және мемлекеттіліктің қазіргі заманғы сын-көтерлерге дайындығын күшейту. Бұл үшін үстірт өзгерістер емес, мемлекеттік институттардың түпкі мәнін өзгерту және олардың өзара байланысын нығайту қажет. 2022 жылғы конституциялық реформалар сот, заң шығару, атқарушы билік және Президент институтын бірлесіп реформалап, құқық қорғау жүйесін күшейтіп, сайлау жүйесін демократияландыруға бағытталған маңызды қадамдар жасады. Реформалар асығыс қабылданған жоқ. Бұл – ұзақ мерзімді стратегияның біртұтас бөлігі, сондықтан, эволюциялық жолмен, кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс екені сөзсіз.

Саяси жаңғыру күтіп тұр

Дерекке сүйенсек, қазір әлемде халықаралық құқықтың беделі төмендеп, сенім дағдарысы күшейіп, әскери шығындар рекордтық деңгейге жеткен. Бұл жағдай сыртқы саясаттың маңызын айрықша арттырып

отыр. Сондықтан, дипломатияны қақтығыс емес, келісімге жеткізетін негізгі құрал ретінде қолданамыз. Елдің қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ету – басты мақсат.

– Менің ойымша, мемлекет мүддесін қорғау мен халықаралық беделді арттыру үшін дипломатия – ең тиімді құрал. Сондықтан, Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдадым. Бұл қадам Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін күшейтіп, түрлі дін мен халық өкілдері арасындағы татулықты нығайтады. Біз – орта держава ретінде әділ, ақылға қонымды саясат ұстанып, еліміздің территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін басты орынға қоямыз, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сонымен қатар, біз «тарихи жаракат алған» ұлт психологиясынан арылып, өткенге тым байланбай, болашаққа бағытталған мемлекет болуымыз керектігі де айтылды. Басты міндет – ел бірлігін сақтап, өсіп-өркендеген, абырой-беделі жоғары әрі қуатты мемлекет құру екені анық. Бұл – біздің ұлттық стратегиямыздың негізгі қағидасы.

Қазақстан биыл саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басып, парламенттік реформаны негізгі бағыт ретінде қарастырып отыр. Бір палаталы Парламентке көшу идеясы қоғамда кең талқыланып, қолдау тапты. Бытыр құрылған жұмыс тобы қоғамдық пікірді жинақтап, ұсыныстарды сараптап, реформаның негізгі бағыттарын анықтады.

– Жұмыс тобы Парламенттің жаңа атауы «Құрылтай» болуы мүмкін деп ұсынды. Депутат саны 145 адам, комитет саны 8-ден аспауы тиіс, ал негізгі талап – депутаттардың сапасы. Мемлекеттік органдардың мүшелерін тағайындау құзыретін Парламент келісімімен жүзеге асырылуы тиіс, Жоғарғы сот судьялары да Парламент тарапынан тағайындалады. Бұл билік тармақтарын арасындағы теңгерімді күшейтуді көздейді, – деді Президент.

Парламент депутаттары пропорционалды жүйемен сайланады, президенттік квота және Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы алынып тасталады, ал, жастар, әйелдер және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квота сақталады. Өтпелі межесі 5% деңгейінде қалуы мүмкін. Депутаттардың ман-

– Біз ұсынған мемлекеттік билік реформалары – бір палаталы Парламентке (Құрылтай) көшу, Халық Кеңесін құру және Вице-президент институтын енгізу – еліміздің дамуына зор серпін береді. Бұл өзгерістер 1995 жылғы конституциялық үлгіден мүлде жаңа жүйеге көшу деген сөз. Егер азаматтарымыз бұл бастамаларды жалпыхалықтық референдумда қолдаса, Қазақстанның саяси жүйесі түбегейлі жаңғырып, еліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтерілмек. Біз бір ел, бір халық болып, қазіргі алмағайып заманның сын-қатерлеріне төтеп береміз, оларды еңсереміз, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мұның бәрі мемлекетті басқару процесін тұрақтандырып, билік иерархиясын айқындап, Президенттік институттың күшеюіне емес, керісінше, оның орнықты әрі тиімді жұмыс жасауына негізделген ұсыныстар екенін көрсетеді.

Ұлттық Құрылтайдың жұмысы нәтижесінде конституциялық өзгерістер ауқымды екенін көрсетті. Бастапқыда Парламенттік реформа аясында Ата Заңның шамамен 40 бабын өзгерту жоспарланған. Алайда, талқылау барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені анықталды. 2022 жылғы реформада Ата Заңның 33 бабына өзгеріс енгізілген болатын. Енді ұсынылып отырған өзгерістер одан да ауқымды, тіпті, жаңа Конституция қабылдау деңгейіне жакын.

Сондықтан, Мемлекет басшысы Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдады. Бұл туралы арнайы Жарлыққа да қол қойылмақ. Комиссия құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Ұлттық Құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары, қоғамдық кеңес өкілдері және басқа да білікті мамандар. Конституциялық соттың төрағасы комиссияны басқарады. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді, содан кейін жалпыхалықтық референдумның уақытын белгілейді.

Әлемдегі ахуал шиеленісіп тұрғанына қарамастан, Қазақстан күрделі әрі түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырды. 2022 жылғы конституциялық реформа және АЭС салуға қатысты референдум кезінде халқымыздың басым көпшілігі Мемлекет басшысының бастамаларын қолдады. Президент әрбір шешімді елге қажеттілігі тұрғысынан мұқият саралап қабылдайтынын, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты жұмыс оның басты міндеті екенін тағы да атап өтті.

– Ұлттық Құрылтай ел тарихында ерекше орын алады. Біз аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқардық, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгертуге үлес қостық. Мемлекеттігімізді нығайтуға қосқан еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Алдағы уақытта да бірге ел игілігіне қызмет етеміз деп сенемін. Енді, бізді жаңа міндеттер күтіп тұр, сондықтан, қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмейілісіп отыруға болмайды. Бірлігімізді бекемдеп, іске кірісуіміз керек, – деді Президент.

Құрылтай отырысының қорытындысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтай жұмысына белсене қатысып, реформалардың табысты жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады. Бұл Құрылтай мүшелері мен қатысушылардың елдің болашағы үшін атқарған қызметін бағалау әрі реформалар жолындағы ортақ жауапкершіліктің белгісі.

Атап айтсақ, «Барыс» орденінің I дәрежесі 2 адамға, II дәрежесі – 3, III дәрежесі – 6, «Парасат» ордені – 13, «Ел бірлігі» ордені – 1, «Құрмет» ордені – 14, «Ерен еңбегі үшін» медалі – 2, «Шапағат» медалі – 1, ал, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы 2 адамға берілді.

Марапатталғандар арасында жерлесіміз қоғам белсендісі Ләззат Қожамбетова да бар. Бұл – ел дамуына қосқан үлесінің айғағы ретінде ерекше атап өтуге тұрарлық марапат.

Осылайша, V Ұлттық Құрылтай отырысы қорытындыланып, елдегі саяси реформалардың жаңа кезеңі белгіленді. Құрылтай – елдің даму жолын айқындайтын стратегиялық платформа. Алдағы уақытта Қазақстанда ауқымды өзгерістер жүзеге асады. Қызылордада өткен Құрылтай сол өзгерістердің бастауы.

Суреттер akorda.kz сайтынан

Ұлытаудан басталған ұлы мұрат

Ұлттық Құрылтайдың Ұлытаудан өткен алғашқы отырысы қарсаңында қоғамдық пікірі қақ жарылып, сынаржақ пікірлер ұлы мұратты көздеген тарихи құрылымға «Күлтөбенің басындағы күндегі жиынның бірі» деп баға бергені естеріңізде болар. Алайда, Ұлттық Құрылтай өзінің өміршен ұстаным, ұтымды ұсыныстарымен ел сенімін серпілтіп, халық асыға күтіп, әр отырысынан таудай үміт күтетін тарихи алқаға айналды.

Құрылтайдан – Құрылтайға дейінгі бір жылдық кезең көтерілген мәселе, ұсынылған ұсыныстарды жерде қалдырмай, түпкі шешіміне дейін қадағалайтын нақты істер кезеңі бола білді. Ел сеніміне екпін беріп, үмітін үкілендірген органның орасан игілігі бүгін болмаса да, келешекте кемел бағасын алары анық.

Биылғы V отырысы Алаштың анасы Сыр елінде, еліміздің рухани астаналарының бірі Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтай бес жылда өзінің тарихи мисиясын жүйелі атқарып, қазақ елінің руханиятына ғана емес, экономикасының өркендеуіне де көп-көрім үлесін қосты. 2022 жылы ұлт бесігі Ұлытаудан бастау алған ұлы мұрат жолы 2023 жылы Түркістанда, 2024 жылы Атырауда, өткен 2025 жылы Бұрабайда жалғасқанын жақсы білесіздер. Әр Құрылтайдың көтерген мәселесі бір-бірімен сабақтаса отырып, жүйелі түрде шешімін тауып отырды. Мәселен, Ұлттық Құрылтай бастамалары негізінде 26 заң қабылданыпты. Бір ғана Бұрабай Құрылтайынан кейін 16 заң жобасы әзірленіп, оның алтауы қабылданып үлгерген.

Ұлытау Құрылтайы нәтижесінде 25 қазан Республика күні ретінде қайта оралып, 2023 жылдан бері Ұлттық мереке ретінде тойлана бастады. Ал, Түркістан Құрылтайы қаламгер қауымды «Қазақстанның Халық жазушысы» тағымен қайта қауыштырды. Сондай-ақ, әр Құрылтайда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берген идеологиялық тұжырымдар қабылданып, еліміздің ономастика, масс-медиа, кинематография, ғылым мен білім салаларын жаңғырту, жүйелеу мүмкіндіктеріне қол жеткіздік.

«Әділетті Қазақстан» құру жолында қабылданған «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Еңбек адамы», «Кітап оқитын ұлт», «Жаңа қоғамдық этика» жобалары да – Құрылтай жұмысының жемісті нәтижелері.

Ал, Қызылорда Құрылтайы не берді? Пленарлық отырыстан бір күн бұрын Құрылтайдың төрт секцияға жүйеленген бағыттары бойынша былтырғы Бұрабай Құрылтайының қорытындылары шығарылып, жаңа ұсыныстар талқыланды. Төрт секция бойынша 200-ден астам ұсыныс қабылданды. Мен Қазақстан



Сыр Ақсақал

Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жетекшілік еткен «Әлеуметтік-мәдени даму» секциясының жұмысына қатыстым. Аты айтып тұрғанындай, бұл секция негізінен еліміздің идеологиялық даму бағыттарын екішеді. Өткен жылдың қараша айында қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағытын бекіту туралы» құжаттың құндылығы сарапталып, рухани салаға қатысты өткір пікір, ұтқыр ұсыныстар ортаға салынды.

...Бүгінгі Қазақстан әлем назарын аударып қана қоймай, алты құрлықтың ерекше қызығушылығын тудырған саяси-экономикалық реформалар дәуірінде өмір сүріп жатыр. Ал, реформа – ескіні жоққа шығару емес, халық игілігі жолындағы ізгі істі жүйелі түрде жалғастыру. Еліміздің тарихи сапары дұрыс жолды таңдап, игілікті меже бағытын ұстанғанына Ұлттық Құрылтайдың осы отырысында тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай мінберінен үн қатқан кезде зал іштен тынып отырған. Зал ғана емес, бүкіл Қазақстан халқы демін ішіне алып, үкілі үміт, селкеусіз сезім құшағында отырғандай әсер қалдырды. Ел Президентінің сұңғыла саясаты реформалар дәуіріндегі Қазақстанды дәуірлер кезеңіне бастап бара жатқанын айқын сезіндік.

Құрылтай отырысына төр ұсынған Сыр елінің даму көрсеткіштеріне шолу

жасап, кіші Арал проблемасын айналып өтпей, алдымыздағы Конституциялық реформа болжамына дейін тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлының әр сөзі тарихи ақиқат негізінде өрілді. Сондай-ақ, Құрылтайда көтерілген әр ұсыныстың ескерусіз қалмайтынына көзіміз анық жетті.

Рухани саладан бастап, өндірістік сала мүмкіндіктері, әр азаматтың талап-тілегі егжей-тегжейлі сараланды.

Мемлекет басшысының: – Қазақстан – жауапкершілігі жоғары «орта держава» және жер көлемі бойынша ислам әлеміндегі аса ірі мемлекет. Біз баршаға түсінікті, яғни ақылға қонымды және әділ саясатты қайтаймыз, осы ұстанымды әрдайым сақтаймыз. Сыртқы саясаттағы іс-әрекетіміздің бәрі бір ғана мақсатты көздейді. Ең бастысы, Қазақстанның жерінің тұтастығын, қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз етуіміз керек. Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде мен үшін тәуелсіздік – бәрінен қымбат! Бұл – мерейтой кезіндегі ұран емес, қазіргі дүрбеленге толы заманда ұлттық стратегиямыздың негізгі қағида-сы. Мен «Тәуелсіздік дегеніміз – ең алдымен, жалпыұлттық бірлік пен келісім» екенін үнемі айтып жүрмін, – деген тебіреніске толы сөзі Құрылтай түйініндей әсер қалдырды.

Отаншылдық ұғымының жалаң ұраннан алшақ құндылық екенін де тілге тиек етіп, ел экономикасының барлық бағыттары бойынша қолға алынғалы отырған игі бастамалар тізбегін де жария етті.

Еліміздің логистикалық мүмкіндіктеріне тоқтала келіп, «Қарағанды-Жезқазған» бағытындағы жолдың құрылысы басталатынын жеткізген кезде қуаныштан жүрегім жарылардай күй кештім. Өйткені, бұл жоба Қарағанды өңірінің экономикасын еңселендіруде жетекші рөл атқаратын құрметамыр екені бесенеден белгілі еді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының орнын Халық Кеңесі басатын болды. Болашақта бір палаталы Парламент қазақы дәстүр, ұлттық таныммызға етене атау Құрылтай болып аталуы мүмкін.

Айтып-айтпай не керек, Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысы берекелі байлам, байыпты бастамалармен дараланды. Елімізде заң үстемдігі кемімейді. Реформалар жалғасын табады. Әр азаматтың құқығы заң шеңберінде қорғалады. Конституциямызға енгізілмек өзгерістер Тәуелсіздігіміздің кепіліне айналмақ. Ішкі саясатымызда іркіліс, сыртқы саясатымызда сын-қатер болмайды. Бесінші мәрте тарихымызды да, бүгінгі-ертеңгі тағдырымызды да таразылаған Құрылтай түйіні осындай игілікті межені игеруге деген ұмтылысымен ерекшеленді.

Бұл ұмтылыс – ұлы мұраттың даңғыл жолы. Біз оны Қызылорда Құрылтайында тағы бір мәрте пысықтап алдық.

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«АМАНАТ» партиясы
Қарағанды облыстық филиалының төрағасы,
Ұлттық Құрылтай мүшесі

Жәнібек САДЫҚАНОВ,
Қарағанды облысы
Қоғамдық кеңесінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссиясының төрағасы

Әлеуметтік әділеттілік сөзбен емес, іспен өлшенеді

Қоғаммен үнемі жұмыс істеп, мүтедектігі бар адамдарды қолдау мәселелерін терең түсінетін мүтедектігі бар адам ретінде мұндай нақты әрі айқын тұжырымдарды есту аса маңызды. «Бұл квота – әлеуметтік әділеттілік қағидатының айқын көрінісі» деген сөздер мыңдаған адам үшін осы тетіктердің шынайы мәнін дәл көрсетеді.

Күнделікті жұмыста қағаз жүзіндегі теңдік пен өмірдегі теңдік екі бөлек ұғым екені анық байқалады. Алайда, Мемлекет басшысының квоталар «барлық қоғамдық-саяси өкілдерді» қамтитынын ерекше атап өтуі көңіл қуантады. Бұл мәселенің жай ғана формалдылық емес, қоғамның барлық топтарының шынайы қатысуы туралы екенін көрсетеді.

Сондай-ақ, «бұл квоталарды өзгеріссіз сақтау қажет» деп нақты айтылуының маңызы зор. Қоғамның барлық санатындағы адамдар үшін бұл – тұрақтылық пен ертеңгі күнге деген сенімнің айқын белгісі. Бұл олардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуы жағдайға немесе конъюнктураға тәуелді емес, керісінше, құндылық ретінде мойындалғанын білдіреді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы мәселедегі ұстанымы әлеуметтік әділеттіліктің жалпылама сөздер арқылы емес, нақты шешімдер арқылы іске асатынын көрсетеді. Мұндай көзқарас әрбір адам өзін қажет, тыңдалған әрі қорғалған сезінетін қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нияз СҮНДЕТӨЛІЕВ,
Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты,
Қарағанды облысы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі

Жақын болашақтың жарқын бағдары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзі еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының алдағы кезеңіне арналған нақты әрі жүйелі бағдарды айқындады. Қасиетті Сыр өңірінде өткен бұл алқалы жиынның маңызы айрықша.

Президент өз сөзінде Қызылорда облысының соңғы жылдардағы даму қарқынына жан жақты тоқталып, өңірде іске асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды атап өтті. Атап айтқанда, экономиканың өсімі, инвестиция көлемінің артуы, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жаңа жылу электр орталығының іске қосылуы, тұрғындарды сапалы ауыз сумен және көгілдір отынмен қамту, автокөлік жолдары мен әуе және теміржол инфрақұрылымының жаңғыртылуы өңірдің әлеуетін арттыруға бағытталған нақты нәтижелер екені айтылды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қызылорда облысында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді. Жаңа мектептер мен медицина нысандарының салынуы, көпбейінді аурухана, емхана және перзентхана құрылысының басталуы – халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдар.

Президент өз сөзінде Арал теңізі мәселесіне ерекше тоқталып, Солтүстік Аралды сақтап қалу бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесін атап өтті. Алдағы кезеңде Көкарал бөгетін биіктету арқылы Кіші Аралдағы су көлемін арттыру көзделіп отыр. Бұл ретте су ресурстарын тиімді әрі әділ пайдалану көрші мемлекеттермен өзара келісім мен су дипломатиясын талап ететін ортақ міндет екені баса айтылды.

Ұлттық құрылтайдың ел өміріндегі рөліне тоқталған Мемлекет басшысы соңғы төрт жылда Құрылтай алаңында көтерілген ұсыныстардың негізінде бірқатар маңызды заңнамалық өзгерістер қабылданғанын атап өтті. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, заң мен тәртіп қағидатын нығайту, зиянды әдеттерге қарсы күрес, еңбек адамдарының мәртебесін арттыру – қоғамның сапалы жаңаруына бағытталған жүйелі реформалардың көрінісі.

Мәдениет пен руханият саласына қатысты бастамалар да құрылтай отырысында кеңінен қамтылды. Президент ұлттық мәдени мұраны сақтау, тарихи жәдігерлерді ЮНЕСКО тізіміне енгізу, театрлар мен мәдениет нысан-



дарын салу және жаңғырту, кітапхана және музей ісін дамыту мәселелеріне айрықша мән берді. Сонымен бірге тарихи және ғылыми мұраны цифрландыру арқылы «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру бастамасын қолдайтынын білдірді.

Біз, халық қалаулылары, Президент көтерген бастамалар мен нақты тапсырмалардың өңірімізде сапалы әрі тиімді іске асырылуына мүдделіміз. Ұлттық құрылтайда айтылған міндеттер – тек мемлекеттік органдар-

дың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Елдің тұрақты дамуы, халықтың әл-ауқаты мен болашағы жолында бірлесіп еңбек ету – баршамыздың азаматтық парызымыз.

Меруеш БАШАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты
Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ ӘДІЛ ШАЯХМЕТОВ – 70 ЖАСТА

Намыстың наркескені

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолдағы әсер

Жолдамын. Әдетте ұзын жолға шыққан-да «Шалқар» радиосын тыңдауды дағдыға айналдырғанмын. «Шалқардың» әуезді әуендері ой сергітіп, жаныңа рухани ләззат сыйлайды. Бір сәтте «Бүгінгі сөз» хабары басталды. Хабар қонағы – Ұлттық қауіпсіздік қызметінің Құрметті қызметкері, Шанхай ынтымақтастық ұйымының өңірлік терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы орталығының Құрметті мүшесі, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметұлы Шаяхметов.

Журналист Гүлмира Нәлібай жез қоңырау сыңғырындай жаңға жағымды үнімен хабар кейіпкерін таныстыра бастағаннан-ақ радио дауысын күшейтіп, атына сыртынан қанық қайраткер тұлға Әділ ағаның айтарына аңсарым ауа берді. Хабар жүргізушісінің де сұрақтары жүйелі шығып, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов те көсіліп берді.

Өңгіме өзегі шенді шенеуніктің өнегелі өмірінен бастау алып, ата-анаға құрмет, отбасы тәрбиесі, адал еңбек, ана тілі секілді ұлттық құндылық тақырыбына ойысты. Микрофон алдында сөйлеп отырған генерал-лейтенант шеніндегі әскери тұлға емес, қаламгер дерсін... Әуе толқынында «Бүгінгі сөз» хабары емес, намыстың найзағайы жасын ойнатып тұрғандай. Әфирде «Бүгінгі сөз» емес, шын мәнінде бұрынғы сөз айтылып жатқандай. Шыңтуай-тында биік мінберлерден айтылып жүрген бүгінгі сөзден мән кеткенін, қасиетті ана тіліміз шұбар тілге айналып, кекеш халге түскенін баршамыз жақсы білеміз ғой. Ал, бүгінгі кейіпкердің көсілуі – еркін. Жорғадай тайпалып, ана тіліміздің шұрайлы мәйегі саналы ғұмырының 40 жылын Ұлттық қауіпсіздік қызметіне арнаған генералдың жүрегінен ақтарылып жатыр.

Гүлмира әріптесім де тосын сауалын жолдап үлгерді. – Әділ аға, жасыратыны жоқ, Сіздің әріптестеріңіздің ана тілімізге деген «құрметі» тұтас қоғамды қыңжылтып тұр. Әскери салада тура Сіз секілді ана тілінде еркін сөйлеп, көсіле жазатын әріптестеріңіздің жоқтығын мойындайсыз ба? – деп қалсын...

Тосырқап, тығырыққа тірелген кейіпкер жоқ. – Ана тіліне құрмет туған анаға көрсетер ықыласың мен құрметіңнен кем болмауы тиіс. Дұрыс айтасыз, менің әріптестерім қызмет бабында қойылатын талап солай болғаннан кейін бе, әсіресе, басшылық қызметтегі офицерлердің томаға-тұйық ауыр мінезді серік етіп, ашыла қалғанның өзінде орысша сөйлейтін кемшілігі бар. Бәлкім, кемшілік те емес шығар. Өз басым 6 облыста басшылық қызмет атқардым. Рас, біздің қызметтік функциямыз – көбіне «жабық есік» жағдайындағы әлем. Бірақ, біздің құзыретімізде, біздің қатаң шешімдеріміздің артында қарапайым халықтың тұрғанын сезінуіміз керек. Сондықтан, басшы адам кабинетте отыра бермей, елдің ортасына жиі шығып, халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысуы керек. Әр елдің дәстүрі, тарихы, дүниетанымы алуан түрлі болады. Солардың барлығын зерттеп-зерделеуімізше, қызметің жемісті боларына еш кепіл жоқ.

Ана тілімізге деген құрметке келетін болсақ, ауылда өсіп, қа-



Белгілі суретші Амандос Ақанаев салған портреті

зақы тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақтың жүрегінде де, жанында да ұлттық құндылыққа деген шынайы құрмет қалыптасады. Сол сүйіспеншілікті студенттік өмірдегі 4-5 жыл, әскер қатарындағы 2 жыл көмескілендіреді деген – жай ғана сылтау. Патриоттық рух, елді сүю деген асыл қасиеттер ана тілге деген құрмет арқылы қалыптасады. Ал, менің туған тілге, жалпы, ұлттық құндылықтарға деген шынайы құрметім отбасындағы тәрбиемен және Алматы қаласындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын Абай атындағы №2 мектеп-интернатта оқыған жылдарыммен келді деп ойлаймын, – деп бір тоқтады.

Балалық шағынан айтқан естеліктері мен көпбалалы отбасындағы тәрбие, ата-ананы құрметтеу, бауырды жақсы көру, достыққа адал болу туралы ой-толғамдары Хакім Абай талабындағы «Толық адамның» бейнесімен қауыштырды. Тілші сұрағына орай: – Еңбек жолым Жезқазғандағы өндірісте басталған. Республикалық «Казвзрывпром» тресінің Жезқазған облыстық басқармасында тау-кен шебері болып қызмет етіп, қауіпсіздік саласындағы әскери қызметімді де осы Жезқазғаннан бастадым, – деп жауап беріп жатқан кезінде менің көлігім де Жезқазғанның қақпасына кіріп келе жатқан. Бұл сәйкестікті кездейсоқтыққа балай алмадым. Жезқазған туралы сөз сабақтап, ой өрбіткен кезде Әділ Шаяхметұлының үнінен ерекше толқуды аңғардым. Ол алыс күндер енішінде қалған жалаулы жастық шағына деген сағыныштың толқуы екені бесенеден белгілі еді... Мен де жастық дәуренімнің бесігі болған шағын шаһарға бұғалыққа ілінбес бұла күндерімді іздеп келе жатқанмын.

Арқадағы он алты жыл

Алматыдағы №2 мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде жазушы немесе журналист болуды армандайтын. Қара танығалы қолынан кітап түспеген жеткіншектің балаң арманын басқа арна, өзге мақсатқа бұрып жіберген себеп – қазақ өндірісіндегі ұлттық кадрлардың аздығы. Интернетта бірге оқыған Қарағанды, Жезқазғанның балаларымен етене араласа жүріп, олардан өндіріс, шахта, фабрика тура-

ды-Жезқазған», «Атасу-Қаражал», «Жарық-Ақтоғай» бағытындағы авторлар мен «Қаражал-Жәйрем» су құбырларының және облыстың бірқатар қала, аудандарындағы телемұнаралар құрылысына қатысты.

Құрылыс саласында үш жыл абыройлы қызмет атқарған жас маманның сабырлы мінезі, терең білімі мен салмақты саяси көзқарасы облыстық партия комитетінің назарына ілініп, 25 жасар Әділ Шаяхметұлы Минск қаласындағы Кеңес

Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің жоғары курсына оқуға жібереді. Арнайы оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, аға лейтенант шенімен оралған жас офицер Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегі қызметін Жезқазғанда жедел уәкіл болып бастайды. Кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қаражал қалалық бөлімшесіне аға жедел уәкіл болып тағайындалып, Қаражал-Жәйрем өңірінде 1988 жылға дейін қызмет атқарды.

Бұл уақытта Жәйрем кен-байыту комбинатының құрылысы қарқынды жүріп жатқан еді. Одақтың түпкір-түпкірінен келген алуан ұлт өкілдерінің шағын кенттегі тату тірлік, тамаша тұрмысын қамтамасыз ету оңай болған жоқ. Кеңес Одағының «кемел идеологиясы» негізінде жасакталған екпінді комсомол-жастар құрылысы деген желеуі болмаса, комбинат құрылысына келгендердің дені не мектепті, не арнаулы оқу орындарын дұрыс оқымаған, психологиясы күрделі жастар болып шығады. Көбісі – қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жазасын өтеуге келгендер.

Осындай ортада тұрақты психологиялық ахуал қалыптастырып, жастар арасында ұлтаралық қақтығыстардың жолын кесу құрылымы шағын бөлімшеге оңайға түскен жоқ. Жұмысшылар жатақханасы мен арнайы комедатура арасындағы ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндер Әділ ағаның жадынан ешқашан өшпейтін естелікке айналған.

Қарапайым халық, әсіресе, әлгіндей ой-танымы күрделі орта Әлекендер қызмет атқаратын Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті офицерлеріне «үш әріптің сарбазы» деп оскырына қарайтын ахуал қалыптасқан. Алайда, Әділ Шаяхметұлы қарашыл тұлпардай халыққа үйірсек жүріп, елдің ортасынан оқшауланбай қызмет атқарды. Күдікті ортада да, үмітті ортада да еркін жүрді. Абыройлы қызмет атқарып, беделді

облысы құрамындағы Ақадыр ауданы бөлімше бастығының орынбасары болып ауысты. Кейін бөлімше бастығы болып, 1994 жылға дейін жемісті қызмет атқарды.

Мұнда да кен орындары. Мұнда да «қырық рудан» жиналған кеншілер мен металлургтер. Аудан аумағындағы Ақшатау, Қайрақты, Ақжал кен орындарындағы ахуал Әділ ағаның қырағы назарынан бір сәтке де сырт қалған жоқ. Не керек, болашақ генерал-лейтенант атына заты сай қалыпта қызмет атқарып, әділдігімен қарапайым халықтың да, ресми биліктің де құрметіне бөленді.

Ақадырда қызмет атқарған жылдарында өндіріс орындарының басшыларымен, жергілікті партия комитеттерімен ортақ тіл табысып, іскерлік байланыста қызмет атқарғаны үшін КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы, армия генералы В.Крючковтың бұйрығымен бөлімше бастығы Әділ Шаяхметовке алғыс жарияланды. Ол уақытта республикалық құрылым немесе облыс орталығындағы басқарма басшысы емес, шалғайдағы аудандық бөлімше бастығына Мәскеудің алғыс жолдауы сирек құбылыс болатын.

Яғни, әділдіктен айнымаған Әділ ағамыз Мәскеуді мойындатқан!

«Алып анадан туады»

Әділ ағаның бойындағы тұлпар мінезді тектілік бойына ананың сүтімен, экенің күшімен дарыған. Асқақ шырндары аспанмен тілдескен Алатау бөктеріндегі қазақы ауылда дүниеге келіп, тау шырндарына жанарын суарып өскен тау баласының таудай талабын әкесі Шаяхмет ақсақал да, Сонымбүбі анасы да ерте таныған.

Білімге құштарлығын ерте аңғарған ата-ана тұңғыштарының жолын бөгеген жоқ. Сөз басында әпсанамыздың әлкиссасында тілге тиек еткен «Бүгінгі сөз» хабарында

науымыздағы кенен байлыққа көз тікпейтін ел жоқ. Солардың бірі ел басындағы сол бір оларашақты пайдаланып, тыныштығымызға қару кезеніп, оқ ата қалса, қалқан болар қару-жарағымыз да әлсіз еді.

Міне, осындай күрделі кезеңде Әділ Шаяхметұлы ҰҚК-нің Әскери барлау басқармасында жауапты қызмет атқарып, Қазақстан-Қытай шекарасында әскери тапсырмаларды мінсіз орындады. Кейіннен осы барлау басқармасының бастығы да болды.

Жалпы, Әділ Шаяхметұлының қатардағы жедел уәкілден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына дейінгі қызмет жолы жеңіл болған жоқ. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде де жауапты қызметте болып, жас мемлекеттің әскери әлеуетін көтеруге де сүбелі үлес қосты. Омырауында алтындай жарқыраған I-II дәрежелі «Даңк» ордендері мен ондаған медаль, иығында жарқыраған генерал-лейтенант шені қырық жылғы қажырлы еңбектің, адалдықтан айнымаған ұстанымның, талай ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердің өтеуі.

...2017 жылы Қырғызстанның сол кездегі Президенті Алмазбек Атамбаев Қазақстан Президентінің абыройына кір келтіретіндей сөздер айтып, бауыр елдердің туысқандық қарым-қатынасына сызат түсіргені естеріңізде болар. Жағдайды ушықтырмауға екі тарап та мүдделі еді. Сол бір қиын сәтте Әділ Шаяхметұлы Алатау асып, Қырғызстан басшылығындағы азаматтарға базына айтып, Алмазбек нағашысын райынан қайтарғанын қалай ұмытарсың. Содан кейін Алмазбек Атамбаев барша қазақ елінен кешірім сұрап, өз қателігін мойындаған. Бұл жерде Әділ ағаның бітімгерлік қасиетін атап өтер едік.

Ұлт ұясы Ұлытаудан қанаттанып, Алаш айбары Алатаудың



Д.Қонаевтың Жәйремге сапары. Сол жақтан бірінші тұрған – Ә.Шаяхметов. 1983 ж.

Әділ аға ата-анасы туралы ерекше әсермен әңгімеледі.

– Адалдыққа әкем баулып, сабырлы болуды анамнан үйрендім. Анам – қырғыз қызы. Солай бола тұра, ұл-қыздарының ұлттық тәрбиенің құнарынан алшақтамауына ерекше еңбек сіңірді. Бәлкім, әкемізге деген ерекше құрметі шығар, бәлкім, балаларына деген аналық махаббаты шығар, анам Сонымбүбі қазақ халқын да, халқымыздың ұлттық дәстүрі мен құндылықтарын да ерекше құрметтеді. Мен де сағым бейнесі сағынышқа айналған аяулы анам деген құрметімді сәт сайын еселеп, өз ұрпағыма, ел жастарына үлгі болсам деген ниетпен ғұмыр кешіп келемін, – деген еді.

Перзенттік пейілінің кіршіксіз тазалығына сүйсінбеске амалың қалмайды. Анасы туралы естелік айта отырып, ел аузындағы «Қырғыз, қазақ – бір туған» деген ымырашыл тәмсiлдi ұмытпайды.

Иә, «Алып анадан туады». Асыл анасының ақ сүтін ақтау арқылы елін сүюдің ерен үлгісіне айналған Әділ аға тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де аянбай еңбек сіңірді. Арқадан аттанған 1994 жылдан бастап, республикалық құрылымдарда аса жауапты қызметтер атқарды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Ұлттық қауіпсіздік саласы сын-қатерлерге толы кезеңді басынан өткергені белгілі. Шекара белгіленбеген. Ұлттық әскеріміз де – қауқарсыз. Жер қой-

биігін бағындырған намыстың наркескені әлі де мұқалған жоқ. Республикалық дәрежеде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагерлер кеңесінің жұмысын үйлестіруде ұзақ жылғы тәжірибесін ел көдесіне жаратып, қазақтың алып тұлғалары туралы қалам тербеп, бірнеше кітап жарыққа шығарды. Ертенгі күні қалың оқырман қолына тұлғалар галереясы ретінде ұсынылатын «Дәуір тұлғалары» атты жинағының тұсауы кесілмек. Ширек ғасыр шығармашылықпен айналысып, ғылымға да ден қойып, 11 кітаптың, 30 ғылыми еңбектің авторы, 20 кітап, 7 деректі фильмнің демеушісі болған Әділ Шаяхметовтің тағалымды тағдыры, адал қызметі, адами болмысы туралы жаза берсек, тарау-тарау елне шығар еді... Ол – биіктіктің дүшемі. Ал, биіктікті бағындыру оңай іс емес.

... «Шалқар» радиосындағы «Бүгінгі сөз» аяқталды. Бірақ, Әділ ағамның айтары бар әлі. Ол сарқылмайтын қазына ғой! Әуе толқынында белгілі эңші Майра Ілиясованың орындауындағы «Ағаларым» әні шарықтап қоя берді.

«Қажымас қара нарым»...

Қазақтың қажымас қара нарының бірі Әділ Шаяхметұлының 70 жас мерейтойына арналып жатыр-ау...

Аман болыңыз, Аға!

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан



Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің ғалымдарымен

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Уақыт талабымен үндестік

Өңірді цифрландыру – халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, экономиканың негізгі салаларының тиімділігін күшейтуге бағытталған стратегиялық маңызды бағыт. Цифрлық технологиялар мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге мол мүмкіндік береді.

Осы ретте өткен жылы облысымызда жүзеге асырылған цифрландыру жобалары өңір тұрғындарына нақты пайда әкелді. Бүгін сол жұмыстардың қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған негізгі басымдықтарға тоқталғым келеді.

«Senim109» бірыңғай үйлестіру орталығы өңір тұрғындарының жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылының тиімді ашық алаңына айналды. Орталық халық өтініштеріне жедел жауап беріп, мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруде маңызды рөл атқарып келеді.

Жұмыс істеген кезең ішінде орталыққа 1 млн 41 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның 176 мыңнан астамы 2025 жылы тіркелген. Өтініштердің шамамен 90 пайызы операторлар деңгейінде шешіліп, қалғаны салалық мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызметтерге жолданды.

Түйткілді мәселелерге жедел әрекет ету мақсатында орталық жанынан мониторингтік топ жұмыс істейді. Құрылған сәттен бері топ мүшелері Қарағанды қаласы бойынша 1 480 рет іссапарға шығып, тұрғындар көтерген мәселелердің уақытлы шешілуіне ықпал етті.

Орталықтың әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы тұрғындар са-



бақтың тоқтатылуы, коммуналдық қызметтердің ажыратылуы, жол жөндеу жұмыстары туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде алып отырады.

Өңірде қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған «Қауіпсіз қала» жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қарағанды және Саран қалаларында 446 бейнебақылау камерасы орнатылып, қоғамдық тәртіпті бақылау мүмкіндігі кеңейді.

Жол қауіпсіздігі саласында да оң шешімдер жүйелі түрде енгізілуде. Қарағанды және Теміртау қалаларында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған 22 аппараттық-бағдарламалық кешен іске қосылды. Бүгінде облыс жолдарында жылдамдықты өлшейтін 120 кешен, қиылыстарды бақылайтын 28

жүйе және 12 мобилді бақылау кешені жұмыс істейді.

Автоматты тіркеу құралдарының нәтижесі құқықбұзушылықтардың азайғанын айғақтайды. Былтыр 165 мыңнан астам құқық бұзушылық тіркелсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 20 пайызға төмен. Жалпы алғанда, өңірде 3 720 бейнебақылау камерасы және жол қозғалысы ережелерін тіркейтін 182 кешен жұмыс істеп тұр.

Медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттыру мақсатында 80 жедел жәрдем көлігі бейнекамералармен жабдықталды. Камералар салон ішіндегі және сырттағы жағдайды тіркеп, қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Өңірлік геоақпараттық портал арқылы жер учаскелерін электронды форматта рәсімдеу үдерісі едәуір жеңілдеді. Бұрын 60 күнге дейін созылған рәсімдер бүгінде 30 жұмыс күніне қысқарды.

Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Абай, Саран, Шахтинск, Приозерск және Қарқаралы қалаларында жер учаскелеріне құқық алу бойынша электронды өтініштер «Электронды үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылуда. IQala жобасы арқылы тұрғындар коммуналдық және монополист қызметтерін қашықтан ала алады. Қазіргі таңда 14 ірі монополистен 100-ден астам қызмет түрі онлайн форматта көрсетіледі.

«Терриконды алқап» өңірлік IT-хабы цифрлық бастамалар мен стартаптарды дамыту орталығына айналды. Өткен жылы хаб алаңында 120-дан астам білім беру және нетворкинг шаралары өтіп, оған 5 мыңға жуық адам қатысты.

Хаб базасында құрылған венчурлық қор арқылы 11 стартап жоба 23,2 млн теңге грант алып, қосымша 54,2 млн тең-

ге инвестиция тартты. Соның бірі – медицина мен эстетика саласына арналған 3D-талдау технологиясын дамытатын Fabstory AI жобасы.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында OneWeb және Starlink жүйелері арқылы облыстың 65 ауылында интернет қолжетімді болды. 23 мектеп, 23 медицина мекемесі, 22 әкімдік ғимараты және 40 қоғамдық Wi-Fi нүктесі жоғары жылдамдықты желіге қосылды.

Сонымен қатар, 4G және 5G желілерін кеңейту жұмыстары жалғасуда. Қарағанды қаласында бүгінде 74 базалық 5G станциясы жұмыс істейді.

Мемлекет басшысының цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес өңірде ЖИИ технологиялары нақты басқарушылық міндеттерді шешуге бағытталып енгізілуде. Көлік саласында JoLScan жүйесі жол жабынының жай-күйін автоматты түрде талдап, 200 шақырымнан астам жолда 500-ден астам ақаулықты анықтады. Ақылды бағдарламалар, ParkKing.kz тұрақ жүйесі, CellMap байланыс сапасын бақылау жобасы және TeeMap жасыл желектерді түгендеу жобасы кезең-кезеңімен іске асуда.

Түйіндей келе, аймақта цифрлық және зияткерлік технологияларды енгізу жүйелі сипатқа ие. Бұл шешімдер халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен тиімділігін күшейтуге және өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Константин ИЛЬНИЦКИЙ,
Қарағанды облысының
ақпараттандыру, мемлекеттік
қызметтер көрсету және архивтер
басқармасының басшысы

Өңір дамуының күретамыры

Өңір басшылығының тапсырмасына сәйкес өткен жылы облысымызда жолашылар тасымалы мен көлік инфрақұрылымын нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Тұрғындарға көрсетілетін көлік қызметінің сапасын арттырып, жол қатынасының қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бірнеше жобалар қолға алынды.

Былтыр аймақта қоғамдық көлік паркін жаңарту жұмыстары қарқынды қолға алынды. Тасымалдаушы компаниялар отандық өндірістен 195 жаңа автобус сапты алды. Оның 46-сы облыс орталығын қала маңындағы елдімекендермен және іргелес қалалармен байланыстыратын ауданаралық бағыттарға жіберілді.

Атап айтқанда, жаңа автобустар Шахтинск, Саран, Теміртау қалаларына, сондай-ақ, Топар және Шахан кенттеріне қатынай бастады. «Қарағанды-Теміртау» бағыты бойынша №107 сегіз автобус толық жанартылды.

Жаңа көліктердің басым бөлігі заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мәселен, «№3 Автобус паркі» ЖШС сатып алған 36 автобус кондиционер жүйесімен қамтылып, мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделген. Бұл көліктер пандуспен, арбаға арналған арнайы орындармен және жүргізушінің шақыру батырмасымен жабдықталған.

Өңірішілік маршруттық желіні дамытуға да ерекше көңіл бөлінді. Бұрын тоқтап тұрған «Қарағанды-Қарқаралы», «Қарағанды-Ақадры» бағыттары қайта іске қосылды. Сонымен қоса, «Қарағанды-Балқаш» бағыты Ақтоғай ауданы арқылы жаңа маршрут ретінде ашылды.

Көлік жүйесінде теміржол қатынасы да айрықша орын алатыны мәлім.

Балқаш өңірінің туристік мүмкіндігіне қолдау көрсету мақсатында өткен жазғы маусымда «Қарағанды-Балқаш» бағыты бойынша қосымша пойыз қатынасы ұйымдастырылды. Алты вагоннан тұратын пойыз екі күнде бір рет қатынап, жаз мезгілінде 15 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетті.

Сонымен қатар, республика көлемінде жүзеге асырылып жатқан теміржол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы аясында облыста 14 нысан қайта жаңартылуда. Оның ішінде, 10 вокзал мен 4 жолаушылар станциясы бар. Жобалар вокзалдарды жаңғыртып, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған. Барлық ойға алған жұмыстарды биыл аяқтау көзделген.

Көлік саласының айтулы бағыттарының бірі – азаматтық авиация. Қазіргі таңда Балқаш қаласының әуежайында кешенді қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылдың соңында арнайы автокөлік қызметінің ғимараты пайдалануға берілді. Әуежай терминалының реконструкциясы жалғасуда. Биылғы жазда «Алматы-Балқаш-Алматы» және «Астана-Балқаш-Астана» бағыттары бойынша күнделікті рейстер ашу жоспарланып отыр. Әуежайдың толыққанды жұмыс істеуі үшін арнайы аэродромдық техника кезең-кезеңімен жаңартылуда.



Сонымен қатар, «Сарыарқа» әуежайын аэрохабқа айналдыру жұмыстары да жолға қойылды. Жеке инвестициялар есебінен авиацияны сақтауға арналған JET A-1 кешенінің құрылысы басталды.

2025 жылы облыс аумағында 637 шақырым автожол жөндеуден өтті. Оның ішінде 242 шақырым – республикалық, 84 шақырым – облыстық, 311 шақырым – қалалар мен аудандардағы жолдар.

Облыстық маңыздағы бірқатар жолдарда қайта жаңғырту аяқталды. «Нұра-Осакаровка», «Жартас-Долинка», «Үштөбе-Құрылыс» бағыттарында қозғалыс

қауіпсіздігі мен жол сапасы айтарлықтай жақсарды.

«Теміртау-Ғабиден Мұстафин кенті» бағытындағы Нұра өзені арқылы өтетін көпірдің ашылуы тұрғындардың көптен күткен түйткілді мәселесін шешті. Бұрын 40 шақырымды айналып өтетін жол 12 шақырымға қысқарды.

Жолдардың ұзақмерзімді сапасы үшін барлық учаскеде қалыңдығы 11 см болатын екі қабатты асфальт төселді. Қар басатын аумақтарда жаңа үлгідегі қар тоқтатқыш қоршаулар орнатылып, қарғын қауіп бар жерлерде су өткізу жүйелері жаңартылды.

Ауыр жүк көліктерінің жолды бүлдіруін болдырмау мақсатында автоматты салмақ өлшеу жүйелері енгізілуде. Бұл жолдардың сақталуына және қауіпсіздікке оң әсерін тигізеді. Облыстың 6 ауданындағы 21 елдімекенде 84 шақырым ішкі жол «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жөнделді.

Қорыта айтқанда, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары саласында жүргізілген жұмыстар өңірдің көлік қолжетімділігін арттырып, экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін береді. Алдағы кезеңде де көлік инфрақұрылымын жаңғырту, қауіпсіздікті күшейту және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Мақсат МҰҚАШЕВ,
Қарағанды облысының
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары
басқармасының басшысы

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңа автобустар жолға шықты

№3 автопарк қала маңына қатынайтын алты маршрутқа 20 жаңа автобус шығарды. Олар №107, 121, 122, 127, 146 және 165 бағыттары бойынша жолаушылар тасымалдауда.

Жаңа автобустар Саран қаласындағы QazTehna кәсіпорнында шығарылған. Көліктер үлкен сыйымдылығымен ерекшеленеді: әр автобустың ұзындығы 12 метр, 37 жолаушыға арналған отыратын орны бар, ал, жалпы сыйымдылығы 60 адамға дейін жетеді.

Көлік құралдары аялдамалар туралы ақпарат беретін электрондық жүйелермен, сондай-ақ, жолақыны қолма-қол ақшасыз төлеуге мүмкіндік беретін ONAY! терминалдарымен жабдықталған.

Аталған автобустар №3 автопарктің жылжымалы құрамын кезең-кезеңімен жаңарту бағдарламасы аясында жеткізілді. Бұған дейін тасымалдаушы кәсіпорын зауытпен 75 жаңа автобус жеткізу жөнінде келісім жасасқан болатын. Оның 55-і өткен жылдың қазан айында пайдалануға беріліп, қалалық және қала маңындағы бағыттарға орналастырылған. Қалған 20 автобус қазіргі уақытта автопарк балансына қабылданып, қала маңындағы маршруттар бойынша жұмысқа кірісті.

Өз тілшімізден

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қарияға құрмет

Ақтоғай ауданына қарасты Нұркен ауылдық округінде ауыл ардагерлерінің бос уақытын тиімді өткізуі, өзара бас қосып, қоғамдық мәселелерді талқылайтын орта қалыптастыру мақсатында бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Мұхтарбек Шоқановтың ұсынысын ауыл әкімі Абылай Совет қолдап, әкімдік ғимаратынан ардагерлерге арнайы бөлме бөліп берді.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – ардагерлер үшін тек бас қосатын орын ғана емес, тәжірибе алмасып, ақыл-кеңес беретін, ел бірлігін нығайтатын рухани орталыққа айналмақ. Мұндай қолдау ауыл қарияларының қоғамдық өмірге белсенді араласуына серпін беріп отыр.

Осы игі істі жоғары бағалаған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы ауыл әкімінің ардагерлер өміріне ерекше көңіл бөліп, нақты қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Мұхтарбек Шоқанов ауыл әкімінің бастамашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетін де ерекше атап өтті.

– Бұл – ардагерлерге көрсетілген құрмет қана емес, жас ұрпаққа берілген тәлім. Қариясын сыйлаған қоғамның болашағы берік болады, – деді Мұхтарбек Шоқанов.

Ақтоғай ауданы

Құрылыс саласы серпін жоғалтпайды

2025 жыл Қарағанды облысы үшін құрылыс, сәулет және қала құрылысы салаларындағы тұрақты дамумен ерекшеленді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар нақты нәтижесін беріп, құрылыс саласы өңір дамуының негізгі драйверлерінің біріне айналды.

Жыл қорытындысы бойынша орындалған құрылыс жұмыстары мен көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 720,5 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,2 пайыздық өсімді көрсетіп, саланың тұрақты дамуын айғақтады.

Өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды түрде жалғасын тапты. 2025 жылы Қарағанды облысында 596,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 2024 жылғы көрсеткіштен 9 пайызға арты. Тұрғын үйлердің басым бөлігі жеке инвестициялар есебінен салынған коммерциялық нысандарға тиесілі болды.

Халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен 18,4 млрд теңге бөлініп, бұл қаражат жалға берілетін және кредиттік тұрғын үйлерді сатып алуға, сондай-ақ, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға бағытталды. Нәтижесінде 1503 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді. Оның ішінде, 1318 отбасы жалдамалы,

ал, 185 отбасы кредиттік тұрғын үймен қамтылды.

2026 жылы тұрғын үй құрылысының көлемін 600 мың шаршы метрге жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтар үшін тұрғын үй сатып алуға 3,6 млрд теңге көлемінде трансферттер қарастырылған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы өңірдің ауылдық аймақтарында медициналық инфрақұрылымды айтарлықтай жақсартты. 2023-2025 жылдар аралығында Қарағанды облысында 92 медициналық нысанның құрылысы аяқталды. Олардың қатарында дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер қаш.

Сонымен бірге, Теміртау мен Балқаш қалаларындағы орталық ауруханаларда ангиографиялық операциялық блоктар іске қосылып, жоғары технологиялық

медициналық көмектің қолжетімділігі артты. Мәдениет және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында да оң өзгерістер орын алды. Қарағанды қаласында Мемлекеттік архивтің жаңа ғимараты бой көтеріп, бірқатар әлеуметтік нысандар жаңғыртудан өтті.

Білім беру инфрақұрылымын дамыту бағытындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылы облыста екі жаңа мектеп пайдалануға берілді. Қалған төрт білім ошағының құрылысы аяқталып, оларды пайдалануға беру сатысында тұр. Жаңа мектептер оқушылар үшін қауіпсіз, заманауи және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, өңірде жаңа мектептер мен спорт залдары салынып, жылы өткелдер мен білім беру нысандарына қосымша ғимараттар тұрғызылды. Бұл бастамалар ауылдық және қалалық елдімекендердегі білім сапасын теңестіруге бағытталған.

Биыл Қарағанды облысындағы елеулі әлеуметтік нысандардың жобаларын аяқтау жоспарлануда. Атап айтқанда, Қарағанды қаласында перинаталдық орталық, 600 орындық жаңа мектеп және 320 орынға арналған балабақша пайдалануға



беріледі. Бұл жобалар демографиялық өсім мен әлеуметтік сұранысты ескере отырып жүзеге асырылуда.

Бүгінде облыстағы 359 елдімекеннің барлығы жаңартылған бас жоспарлармен қамтылған. 2025 жылы Қарағанды қаласының бас жоспары Үкімет қаулымен бекітілді. Қазіргі таңда Теміртау, Приозерск және Абай қалаларының бас

жоспарларына түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, спорттық-сауықтыру кешендері, стадиондар, бассейндер мен мәдениет нысандарының құрылысы жалғасуда. Қарағанды қаласындағы «Шахтер» стадионында ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Салалық басқарма тұрғындармен кері байланысты нығайтуға ерекше мән беріледі. Бұл мақсатта GOV.KZ порталы, Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалар белсенді қолданылады. Сондай-ақ, азаматтар Е-Өтініш жүйесі арқылы өз сұрақтары мен ұсыныстарын жолдай алады.

Қорытындылай айтқанда, 2025 жыл Қарағанды облысында құрылыс пен инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан нәтижелі кезең болды. Ал, 2026 жылға жоспарланған жобалар өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, аймақтың орнықты дамуына жаңа серпін береді.

Саян МҰРАТҰЛЫ,
Қарағанды облысының құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
басқармасының басшысы

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Кәсіби сапа мөрі

Шахтинск технологиялық колледжі «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша халықаралық салалық аккредиттеуден сәтті өтіп, өмірдегі техникалық білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілгенін айқындады. Енді оқу орны болашақ дәнекерлеушілерді халықаралық стандарттарға толық сәйкес даярлайтын мәртебеге ие болды.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»


Аккредиттеу рәсімі Халықаралық дәнекерлеу институтының (IПW) талаптарына және ISO 9606 стандартына сәйкес жүргізілді. Бағалау жұмыстары IПW-дің Қазақстандағы ұлттық серіктесі – KazWeld Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығының қатысуымен өтті. Сарапшылар колледждің білім беру бағдарламаларын, материалдық-техникалық базасын, оқытушылар құрамының біліктілігін және студенттердің кәсіби дайындық деңгейін жан-жақты зерделеді.

Халықаралық талаптарға сәйкестігін растаған бұл аккредитация колледжде бірқатар жаңа мүмкіндік ашып отыр. Атап айтқанда, оқу орны енді түлектерді халықаралық біліктіліктер мен IW сертификаттарын алуға бағдарланған бағдарламалар бойынша оқыта алады.

Сонымен қатар, «Халықаралық дәнекерлеуші» біліктілігін бере отырып, ересектерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын жүргізу құқығына ие болды.

Колледждің педагогикалық ұжымы да кәсіби деңгейінің жоғары екенін дәлелдеді. Өндірістік оқыту шебері Еуропалық дәнекерлеу федерациясының (EWF) схемасы бойынша қолмен доғалы дәнекерлеу технологиясы бағытында халықаралық тәжірибе және табақ материалын дәнекерлеуші дипломын алды. Арнайы пәндер оқытушысына дәнекерлеу ісі бойынша халықаралық маман мәртебесі берілді. Бұдан бөлек, екінші және үшінші курстың 10 студенті халықаралық практикалық аттестаттаудан сәтті өтті.

– Халықаралық аккредитация колледждің шетелдік серіктестермен ынтымақтастығын кеңейтуге, озық білім беру және өндірістік технологияларды енгізуге, сон-



Сурет облыс азаматтық сайлауы

дай-ақ, өнеркәсіптік кәсіпорындармен байланысты нығайтуға жол ашады. Студенттер үшін бұл – еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттырудың және халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарына бағдарланған кәсіпорындарда жұмысқа орналасудың нақты мүмкіндігі, – деп атап өтті колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Валентина Тарасова.

Қазіргі таңда Шахтинск технологиялық колледжінде 832 студент білім алуда. Оқу үдерісі 12 мамандық пен 15 біліктілік бойынша жүргізіледі. Студенттердің басым

бөлігі жұмысшы және техникалық мамандықтарды, соның ішінде, өңір мен ел өнеркәсібінде жоғары сұранысқа ие болып отырған дәнекерлеу ісін де (түрлері бойынша) игеруде.

Оқу орны техникалық шығармашылық пен инновацияны дамытуға да басымдық беріп отыр. Колледжде «Электроника» және «3D-модельдеу» бағыттары бойынша құзырет орталықтары жұмыс істейді. Бұл орталықтар инженерлік және ақпараттық технологиялар саласында заманауи талаптарға сай мамандар даярлауға бағытталған.

• БІЗ НЕ ОҚЫП ЖҮРМІЗ?

Жан азығы не?

Адам кітапты не үшін оқиды, неге құмартады? Біздіңше, өмірдің мәнін, ішкі МЕН-ін ұғу үшін оқиды. Ал, өмірінің мәнін, миссиясын ұққан адамның санасында түнерген бұлт болмайды. Өзін тану деген сөз – өз бойындағы күш-қайраттың, қуаттың бастауын табу деген сөз. Бастауын тапқан адам ғана ерік-жігерін жанып, тіршілік майданының сауытты жауынгеріне айналады. Адам – әуелден сардар. Тұлғалық тұрғыдан өсуге мақсатты һәм қабілетті қатардағы сарбаз генерал болуды армандайтыны секілді жұмыр басты пенде рухани тұрғыда өсіп, шама-шарқы жеткенше, дүниенің құпиясын ашуға тырысады. Дүниенің құпиясын ашу дегеніңіз – өз жанының сырларын ашу. Қазіргі жұрт өзін тұлғалық тұрғыда өсіру үшін интернеттегі коучтар мен мотиваторларға жүгінуді жөн санайды. Коучтар мен мотиваторларға сұраныс күрт өсіп кетті. Бұл сұраныс қандай да бір қоғамдық құбылыстан пайда болғаны анық.



Сурет freepik.com сайнан

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Алина Кирьянова есімді психолог маманның сөзінше, жаңа ғасыр қоғамының өкілдері рухани жалғыздықтан, ішкі күйреуден, құлаздан, мәнсіздікке ұрынудан қашудың бар амалын жасайды. Осы тұста алдарынан өз қызметтерін ұсынып, мотиваторлар мен коучтар шығады.

– Осы салада қызмет істеп жүргеніме он жылға жуықтап қалды. Алуан түрлі психологиялық ахуалмен қаншама адам көмекке жүгінеді. Осы уақытқа дейін жинаған тәжірибемен түсінгенім – адамдар бүгінде жалғыздыққа ұшыраған. Өздерінің кәсібінен, күнделікті өмірінен мән іздеп, шарқ ұрады. Бұл – заңды құбылыс. Өйткені, күнделікті өмірі-

нен ләззат алмаған, мән таппаған адам депрессияға түсіп, өз жанын құрдымға сүйрейді. Бұны «өзін-өзі құтқару инстинкті» дейді. Көмекке жүгінгендердің басым бөлігі бізден мотивация сұрайды. Сөйлесе келе, олар мотивация алу үшін түрлі фильмдер көретінін, тіпті, интернеттегі коучтардың курстарына жазылатынын айтады, – деді психолог.

Маман «мотивация іздеп келетіндердің қатары кейінгі 7-8 жылда ғана күрт көбейгенін айтты. «Бұрындағы психологқа отбасылық жанжалдан қажығандар, жақынынан айрылып, қайғы жұтқан адамдар және осыларға ұқсас қиындықтарға тап болғандар ғана келетін еді», – дейді.

Бүгінде өмірлік қиындықтардан аман болса да, мотивацияға зәру бо-

лып, ақысын төлесе де, соны алуға дайын жандардың қатары көбейгені – қоғамдық сананың басқа бағытқа бет алғанын айқындап тұрғандай. Жұрттың, яғни, тұтынушының басым бөлігі нені қаласа, соған қарай еңбек нарығында қажетті мамандарға деген сұраныс артады. Еңбек нарығының қарапайым алгоритмі бұл.

Филология ғылымының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз Берік Рахымов білім жүйесі мектептерде қазақтың байырғы эпостық жыр-дастандарын, аңыз-әсаналарын оқытуды тереңдету керектігін айтты. Адам жанына қажетті нәр халықтың ауыз әдебиетінде жатқанын алға тартты.

– Мәселен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанында, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырла-

рында мол өнеге, адам жанының дәруменіндей құнар жатыр. Бұл шығармаларды оқытудың тың әдісі қажет-ақ. Оларды оқушыларға жай ғана оқыту, жаттату жеткіліксіз. Түпкі мәнін, мағынасын түсіндіріп, сырларын ашып берген жөн. Жыр-дастандарды оқымаған баланы ананың ақ сүтін ембеген нәрестемен салыстыруға болады. Көбі бүгінде ана тілінен алыстап жатыр, қадір-қасиетіне жетпей жатыр. Салдарынан ерік-жігері әлсіз, өмірге құштарлығы төмен, отанына, ел-жұртына деген махаббаттан ада ұрпақ өсіп келе жатқан сияқты, – деді Берік Рахымов.

Мәселен, өнертанушы, жазушы, күйші Таласбек Әсемқұловтың зерттеу еңбектерінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Қозы – адамның негізгі қуаты махаббат пен еріктің бейнесі екені айтылады. Ал, Баян – өмір мәнінің бейнесінде. Сарыбай – жақсылықтың, Қарабай – жамандықтың бейнесінде. Қозының анасы Мамабике – күдік пен қорқыныштың, уайымның бейнесінде. Махаббат пен ерік өз мәніне жету жолында ұлы күрес жүргізеді. Баянына жету үшін жамандық бейнесіндегі Қоларды жеңіп, күдік пен қорқыныштың, уайымның бейнесіндегі Мамабикенің шектеулерін бұзып өтеді.

Кейінгі уақытта логотерапия ғылымының өкілі Санжар Керімбайдың «Логотерапия», «Қуыс кеуде» секілді кітаптары трендке шықты. Автор өз еңбектерінде адам баласы мәнсіздікке жан азығының жетіспеушілігінен ұрынағынын айтады. Бұл автор да біз қозғап отырған мәселеге мәңзейді. «Өмірге деген махаббат пен құштарлықты арттыратын, қуыс кеудені мәнге, құнарға толтыратын дәл осы жан азығы дейді» ол.

Әлгі коучтар ұсынатын жан азығын жеңіл-желпі, ізденіссіз, кәсіби білімсіз дайындалатын құнарсыз фасфудка тенеуге болады. Құнарсыз ас тәнге қуат бермейтіні анық.

Мұрат Қайыпқанұлы ЖАДАЕВ

2026 жылғы 20 қаңтарда ауылы дос, асыл азамат, елін сүйген тұлға, «Арканың Атымтайы» атанған абзал ер Мұрат Қайыпқанұлы Жадаев 65 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Жүрегі жомарт, пейілі ақ абзал азаматтың мезгілсіз қазасы оның отбасы мен жақын достары үшін ғана емес, барша Арқа жұрты үшін ауыр қайғы болды.

Мұрат Қайыпқанұлы Жадаев 1961 жылы 11 наурызда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Жұмыскер ауылында дүниеге келді.



1968-1978 жылдар аралығында Шет ауданы Жұмыскер ауылының Абай атындағы орта мектебінде оқыды.

1978-1983 жылдар аралығында Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында ауыл шаруашылығы құрылысы мамандығы бойынша оқып, «инженер-құрылысшы» біліктілігі берілді.

1983-1988 жылдар аралығында Ақадыр ауданына жіберіліп, онда ауыл шаруашылығы басқармасында инженер-құрылысшы болып қызмет етті.

1988-1989 жылдары Ақадыр ШЖКУ (шаруашылық жөндеу-құрылыс учаскесі) ауыл шаруашылығы-мелиорациясында бас инженер, 1990-1995 жылдары Ақадыр ауданына қарасты Көктенкөл кеңшарында аға прораб болып, абыройлы қызмет атқарды.

2000 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша өз алдына «Матан» ЖШС-ін құрып, өмірінің соңына дейін директор лауазымында жұмыс істеді.

Білікті құрылысшы Мұрат Қайыпқанұлының жобалауымен еліміздің түпкір-түпкірінде бірнеше көпір салынып, қазіргі таңда ел игілігіне қызмет етіп тұр. Атап айтар болсақ, Қарағанды облысы Атасу ауылында Сарысу өзені арқылы өтетін көпір құрылысы, Алматы облысындағы «Тентек», «Токты», «Жаманты» өзендері арқылы өтетін көпірдің күрделі құрылысы, Костанай облысында Аманқарағай кентінде темір жол арқылы өтетін өтпешол құрылысы, Ақмола облысында Сілеті өзені арқылы өтетін көпір құрылысы, Астана қаласының шығар жолында екі өтпешолдың күрделі құрылысы, Қырғызстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы Жамбыл облысында шекарада Шу өзені арқылы өтетін көпір құрылысы, Қарағанды қаласында Үй құрылысы комбинаты (ДСК) ауданындағы өтпешолдың күрделі жөндеуі, Қарағанды қаласында Архитектурная көпесіндегі көпірдің жөндеу жұмыстары, «Қызылорда-Павлодар» автожолындағы өтпешолдың құрылысы, «Қарағанды-Аягөз» автожолындағы өтпешолдың құрылысы, «Осакаровка-Молодежное» автожолындағы Есіл өзені арқылы өтетін көпірдің күрделі жөндеу жұмыстары, Қарағанды қаласында (Федоровский көпірі) темір жол арқылы өтетін өтпешолдың күрделі жөндеу жұмыстарын Мұрат Қайыпқанұлы басқарған «Матан» ЖШС-ті жүргізді.

Мұрат досымыз өзінің осыныша қысқа да, саналы ғұмырында артына өшпес із қалдырып, елге адал қызмет етудің үлгісіне айналды. Оның жарқын бейнесі, қарапайым болмысы біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Бақұл бол, қимас бауыр, адал дос!

Қ.ОМАСHEB, Қ.ШАЙМИН, М.ЖАНДӘУЛЕТОВ, Б.КЕНЖЕҒҰЛОВ, Ө.БЕЙІСПЕКОВ, Д.БАЙКАНОВ, Б.ЕСЕНБЕКОВ, Б.АЛТЫНБЕКОВ, Қ.МЕКТЕПБАЕВ, Б.СӘДУАҚАСОВ, А.БИДАЙБЕКОВ, С.БАЗАРБЕКОВ, Е.ТӨКЕБАЕВ, Р.ӘЛІМХАНОВ, Е.ТҮСІПОВ, А.ГУЗЕЛ ОҒЛЫ, Е.УАҚБАЕВ, А.АЛБЕКОВ, Е.ЕРМЕКБАЕВ, Р.ДУБАЕВ, Р.ОМАРОВ, С.ЕСІМХАНОВ, М.АМАНДЫҚОВ, А.АЙЫМБЕТОВ, А.АҚЖОЛОВ, С.ТӨЛЕУТАЕВ, Б.НҰРЛАНБЕКОВ, О.МАТЖАНОВ, Д.СӘРСЕНБЕКОВ.

№31

Туризмнің тың тынысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Табиғи орта мен ұлттық нақышты ұштастырған демалыс орындары туристер үшін ерекше тартымды болмақ. Соның бір көрінісі – киіз үй форматындағы шағын қонақүйлер. Мұндай кешендерде байырғы ұлттық болмыс сақталып қана қоймай, әрі заманауи талаптарға сай көмкерілген. Санитарлық тораптар, жатын орындар, демалыс аймақтары толық қарастырылған.

Мемлекеттік қолдау туризм саласына инвестиция тартумен қатар, жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланғандардың бірі – «Орман» қонақ кешенінің иесі Жанат Жетенова.

– Шамамен екі жыл бұрын ашылдық. 200 жыл бұрын салынған үйді сатып алып, оны ретро стильде жөндедік. Қалған шағын үйлерді өзіміз тұрғыздық. Ай сайын шамамен 1,5 мың адамды қабылдаймыз. Қо-

нактардың арасында қазақстандықтар да, шетелдіктер де бар. Қысы-жазы қонақ үзілмейді. Қазақтың салт-дәстүрін таныту үшін киіз үйлер орнаттық, – дейді ол.

Ал, тағы бір кәсіпкер Айжан Оңғарбай жеке қаражаты мен гранттық, қарыз қаржы есебінен глэмпинг кешенін салған. Бұл да Қарқаралы туризмінің әртараптанып келе жатқанын көрсетеді.

Түйіндей келе, Қарқаралы ауданында туризм саласын кешенді түрде дамыту үшін арнайы жол картасы әзірленген. Онда инфрақұрылымнан бастап, кадр даярлауға дейінгі барлық бағыт қамтылған. Табиғаттың өзі сыйлаған тартқан байлықты ұқыпты һәм ұтымды пайдалана алсақ, Қарқаралы туризмі алдағы жылдары облыстың ғана емес, елдегі ең тартымды демалыс бағыттаушының біріне айналарына шүба келтірмейміз.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОЛИМПИАДА

Ақыл-ой аламаны

Алматы қаласында өткен XXII Халықаралық Жәутіков олимпиадасы биыл да дарынды оқушылардың білім бәсекесіне айналды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл зияткерлік сайысқа әлемнің 16 елінен келген жүздеген үздік оқушы қатысып, математика, физика және информатика пәндері бойынша бақ сынады. Олимпиада халықаралық деңгейдегі беделді білім байқауының бірі саналады. Жыл сайын қатысушылардың дайындық деңгейі мен тапсырмалардың күрделілігі арта түсеуде.

Жамал СОВЕТКЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы олимпиадаға Армения, Эзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Түрікменстан, Индонезия, Үндістан және Өзбекстан елдерінен келген 612 оқушы қатысты.

Қатысушылардың басым бөлігі – өз елдерінің ұлттық іріктеуінен өткен, пәндік олимпиадаларда жоғары нәтиже көрсеткен мектеп оқушылары.

Байқау екі кезең бойынша ұйымдастырылып, тапсырмалар халықаралық стандарттарға сай әзірленді. Қазылар алқасының құрамында түрлі елдерден келген тәжірибелі мамандар болды.

Олар қатысушылардың білімін ғана емес, логикалық ойлау қабілетін, жылдам шешім қабылдауын және шығармашылық тәсілдерін де бағалады.

Бұл білім бәсекесінде Қарағанды облысының оқушылары да жоғары нәтижелерімен көзге түсті. «Білім-Инновация» №1 лицейінің оқушылары Асқар Жұмағали, Даниял Нұрлан және Дінислам Амангелді өз пәндері бойынша жүлделі орындарға ие болып, қола медаль жеңіп алды. Ал, Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Батыр Ерденнов информатика пәнінен үздік нәтиже көрсетіп, жүлдегер атанды.

– Басқа елдерден келген мықты қатысушылардың өзі барлық тапсырманы шеше алмады. Мен үшін бұл олимпиадаға қатысу өте пайдалы әрі маңызды болды, себебі болашақта информатика бағыты бойынша жоғары оқу орнына түсіп, IT саласында жұмыс істеуді жоспарлап отырмын, – деді Батыр Ерденнов.

Жалпы олимпиада қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылар айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Ел құрамасы 132 медаль иеленді. Оның 28-і алтын, 35-і күміс және 69 қола медаль бар. Бұдан бөлек, жеңімпаздарға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының ректорлық гранттары табысталды.

• БИАТЛОН

Мүлт кетпеген мүмкіндік

Биыл 6-22 ақпан аралығында Италияда өтетін XXV қысқы Олимпиада ойындарына Қазақстан құрамасынан 36 спортшы жолдама алды. Солардың қатарында қарағандылық биатлоншы Владислав Киреев те бар. Жерлесіміз күні кеше Олимпиадаға қатысуға мүмкіндік беретін лицензияны иеленіп, Қазақстанның ұлттық құрамасы сапында ел намысын қорғайтын болды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, Қазақстанның ұлттық құрамасы биатлоннан Әлем кубогының бірнеше кезеңінде табысты өнер көрсетіп келеді. Солардың қатарында, Аустрияда өткен Әлем кубогы кезеңін ерекше атап өтуге болады. Онда Владислав Киреев із кесу сайысында мүлт кетпей, мәреге 20-шы болып жетті. Ал, бұл Қазақстан биат-

лоны тарихындағы осы дисциплина бойынша ең жоғары нәтиже болып тіркелді. Қазақстан биатлоншылар одағының бас хатшысы Манас Үсенов Владислав Киреев туралы пікірін білдіріп, оның шеберлігі мен мүмкіндігін атап өтті. – Владислав Киреев осы маусымда ұлттық құраманың нағыз көшбасшысы атанды. Қазірдің өзінде Әлем кубогында із кесу сайысында тарихи жетістікке қол жеткізіп, үздік жиырмалыққа енді. Қазір

ол спорттық мансабының шарықтау кезеңінде. Одан бөлек, ол – жасөспірімдер арасында да болашағынан үміт күттірер спортшылардың бірі еді. Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында екі мәрте үздік төрттікке де енген. Әсіресе, дәл осы олимпиадалық маусымда мұндай жоғары нәтиже көрсетіп жатқаны қуантады. Сондықтан, алдағы Әлем кубогы кезеңдерінде де, Олимпиада ойындарында да дәл осы спортшыдан жоғары нәтиже күтеміз, – деді ол.

Владислав Киреев облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты Жоғары спорттық шеберлік мектебінің тәрбиеленушісі. Спорттың осы түрімен шұғылданып жүргеніне 16 жылдан асыпты. Өзі – биатлоннан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 16 жыл ішінде талай жетістіктерге жеткен. Бірақ, біз кейінгі жылдарда жеткен жетістігіне тоқталсақ.

2024 жылы Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өткен биатлоннан Ашық Азия чемпионатында жеке жарыста топ жарып, алтыннан алқа таққан. Ал, былтыр Италияның Турин қаласында өткен Қысқы универсиадаға қатысып, жоғарғы көрсеткіш тіркеген болатын. Сонымен қатар, сол жылы Қытайдың Харбин қаласында ұйымдастырылған ІХ Қысқы Азия ойындарында 10 шақырымдық спринтте жеңімпаз атанды. Өрі 4х7,5 шақырымдық ерлер эстафетасында күміс жүлдеге қол жеткізген болатын. Енді жерлесіміз қысқы Олимпиада ойындарында жүлдегерлер қатарынан көрінеді деген сенім бар.

Сурет Olympic.kz сайтынан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ойына өнеге түйген

Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылының мәдениет үйінде «Шанышқылы Бердіқожа батыр» жырын оқу сайысы өтті. Жыршылар арасындағы сайысты «Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының» облыстағы филиалы және «Арқа» айтыс ақындары мен жыршы-термешілері мектебі ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Сайысқа 2 аталым бойынша қырыққа жуық жас жыршы қатысты. «Шанышқылы Бердіқожа батыр» жырын домбырамен жырлады, мәнерлеп оқыды. Сайыстың басы-қасында жүрген айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов мұндай сайыстар әр қалада, әр ауданда дәстүрлі түрде өтсе, ана тілін, елін, жерін құрметтейтін, сүйетін ұрпақ өсетінін атап өтті.

– Бұл сайыс осымен екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Биыл былтырғыдан көп үміткер қатысты. Бәрінің дайындығы қанағаттандырады. Бірінен-бірі өтетін дүлдүлдер жиналды. Ұйымдастырушы ретінде осыған ерекше қуандым. Еңбегіміз өз нәтижесін беріп жатыр. Осы тектес сайыстар көбейсе, ойына өнеге түйген буын өсіп шығарына

кәміл сенемін. Әсіресе, бастауыш сыныптардың оқушылары зор үміт күтіреді.

Мәнерлеп оқу аталымында І орын Аяулым Меііржановаға бұйырды. Арда Әлібек ІІ орыннан, Айбота Сия ІІІ орыннан көрінді.

Домбырамен жырлау аталымында Дарын Дәулен топтан озды. Қуаныш Төлепбергенов ІІ орынға лайық болды. Нұрәлі Ботпай мен Әділ Дәулен ІІІ орынды місе тұтты. Азамат Боратқа да арнайы жүлде табысталды.

Меценат Данияр Қалымбеттің қаржылай қолдауымен «Шанышқылы Бердіқожа батыр» жырғы кітап болып басылды. Құрастырушысы – Айтбай Жұмағұлов.

• ВЕЛОСПОРТ

Кәсіби мансабы басталды

Қазақстанның әр өңірінен шыққан жас велосиандоздар континенталдық XDS Astana Development Team командасымен ресми келісімшартқа қол қойды. Олардың қатарында қарағандылық велосиандоз Владислав Башлыков та бар.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан велосипед спорты федерациясының мәліметінше, XDS Astana Development Team командасымен келісімшартқа қол қою шабандоздардың кәсіби мансабындағы маңызды белес саналады. Бұл қадам олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жоғары халықаралық деңгейде өнер көрсетуге толық дайын екенін айқын көрсетеді. – XDS Astana Development Team командасымен келісімшартқа отыру – спортшылардың мансабындағы маңызды қадам. Жаңа маусымда вело-

шабандоздар халықаралық жарыстарға қатысып, құнды бәсекелік тәжірибе жинақтайды. Өрі XDS Astana Team жүйесінде кәсіби мансабын жалғастыратын болады, – деді федерация өкілдері. Саран қаласының тұмасы Владислав Башлыков қазіргі уақытта Испанияда оқу-жаттығу жиындарында жүр. Алда – Азия чемпионаты. Сол додаға дайындық жұмыстарын спортшы бүгіннен бастап кеткен. Айта кетейік, биылғы маусымның алғашқы жарысы ақпанда өтпек.

• ХОККЕЙ

Алматылықтардан айласын асырды

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының кезекті турында басты қарсыластарының бірі «Алматы» клубымен кездесті. Сырт алаңда өткен ойын 4:1 және 5:4 есебімен жерлестердің пайдасына шешіді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы қос команда өзара 11 мәрте жолығып, оның жетеуінде жерлестер жеңіске жеткен. Биыл Pro Hockey League аясында жыл басында қайта кездесіп отыр. Бұл жолы да жерлестердің асығы алшысынан түсті.

Алғашқы кездесуде қарағандылықтар ойын басталысымен басымдыққа ие болып, тактикалық тұрғыда шабуылға кірісті. Кездесудің төртінші минутында есеп ашты. Шайба авторы – Радель Фазлеев. Сөйтіп, екінші айналымның небәрі бірінші минутында Никита Баженов көзге түсіп, есепті еселеген. Алайда, алаң иелері 27-минутта қақпасына Жакен Ибрагимовтың қақпасынан саңылау тауып, есеп алшақтығын қысқартты. Бірақ, «Сарыарқа» сапынан 29-минутта – Михаил Степа-



нов, 44-минутта – Данила Карабан есепті 4:1-ге жеткізіп, бірінші кездесуде командасына жеңіс сыйлады.

Қарымта кездесуде алаң иелері бастапқыдай емес, мұз айдынына тың күшпен оралды. Тіпті, ойын

басталысымен бірінші және үшінші минутта есеп ашып, екі шайбамен алға шыққан. Бұдан кейін қарағандылықтар сапынан 13-минутта – Сергей Барбашев, 23-минутта – Данила Карабан, 30-минутта – Артем Лихотников көзге түсіп, керісінше, қарсыластардан басым түсті. Екінші айналымда кездесу овертайм уақытына ұласып, соңында жерлестер жеңіске жетті. Бұл жолы команда-сына жеңіс сыйлаған – қорғаушы Сергей Барбашев.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КӨРМЕ

Ғасыр тынысындай ғаламат туындылар

Жыл сайын облыстық бейнелеу өнері музейінің қоры мәдени маңызы зор, бірегей жәдігерлермен толығып келеді. Музейге қабылданған әрбір туынды заманауи талаптарға сай бірден цифрлық форматқа көшіріліп, ғылыми-зерттеу айналымына енгізіледі. Осы құнды қазынаны жұртшылыққа кеңінен таныстыру мақсатында музей басшылығы дәстүрлі «Музей қорындағы жаңа туындылар» көрмесін ұсынды. Бұл көрмеде былтыр музей қорына алынған ең құнды әрі бағалы экспозициялар көпшілікке таныстырылды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Музей қорын толықтырған құнды туындылардың қатары жыл санап артып келеді. Солардың ішінде былтыр тапсырылған Қарағанды қаласының тұрғыны, мүсінші Виктор Арендтің «Феникс құсы» атты символдық мәні терең мүсіндік еңбегін айрықша айта кетуге болады. Сонымен қатар, Ақтау қаласынан шыққан қос суретші Инна Ермакова мен Асель Мұрзағалиеваның «Өмірмен танысу» атты кескіндемелік жұмысы да қордың көркемдік аясын кеңейтті. Ал, белгілі суретші Бөде Аманжоловтың «1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы Ашаршылық» тақырыбында салынған туындысы музейдегі құнды жәдігерлердің қатарын толықтырды.

Одан бөлек, облыстық жер комитетінің қызметкері Нұржан Рахымбай Шет ауданында жыл сайын ұйымдастырылатын барлау экспедициясы кезінде табылған, ХІХ ғасырдың соңына жататын тас қол диірменін табыстаған. Ал, қарағандылық тұрғын Григорий Ломакин қарағандылық суретші Виктор Буштың туындысын қорға тапсырған.

Облыстық бейнелеу өнері музейінің бас қор сақтаушысы Дәмелі Данкеева өз сөзінде музей қорына сыйға берілетін

және қайырымдылықтан түсетін туындылардан бөлек, Қазақстан суретшілерінің еңбектерін де кезең-кезеңімен сатып алып отыратындығын баса айтты.

– Көпшілік өздері үшін ең қымбат дүниені ғана музейге өткізбейді. Ол сол өнер туындылары арқылы сақталған жақын жандарының жарқын естелігін әкеледі. Былтыр қорға жергілікті авторлардың ғана емес, шетелдік суретшілердің де шығармалары келіп түсті. Мәселен, музейдің жақын досы, ригалық суретші Валентин Даниленко Прибалтика суретшілерінің бірқатар туындыларын сыйға тартты. Біз шын жүректен өз еңбектерін музей қорына табыстап отырған барша жанға алғысымызды білдіреміз. Себебі, музей қорына өткен әрбір туынды – мәңгілікке қалдырылған рухани мұра. Ел мен халықтың ортақ мәдени байлығы, – деді ол.

Жасанды интеллект пен цифрландыруды жүйелі түрде енгізу музей қызметін жанаша ұйымдастырудың маңызды тетігіне айналды. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде алдағы кезеңде көрмелердегі мазмұны терең, идеясы тың, мәдени-ағартушылық әлеуеті жоғары ауқымды жобалар ұсынылмақ.

Суреттер музейдің баспасөз қызметінен